

**ХАЛЫҚАРАЛЫҚ «ӘДІЛ СӨЗ»
СӨЗ БОСТАНДЫҒЫН ҚОРҒАУ ҚОРЫ**

**Әлеуметтік, ұлттық, рулық, нәсілдік,
таптық немесе діни араздықты жандандыру
туралы істер бойынша сот-филологиялық
сараптама**

ҚЫСҚАША АНЫҚТАМАЛЫҚ

Алматы 2019

ӘОЖ 340(035)
КБЖ 67.01 я2
К 78

Құрастырушы авторлар: «Тұран» университеті «Журналистика және аударма ісі» кафедрасының доценті, филология ғылымдарының кандидаты Қарымсақова Р.Д., филология магистрі Сванкулов А. Ә.

Рецензенттер:

Филология ғылымдарының докторы, профессор Г.Г.Гиздатов
Филология ғылымдарының докторы, профессор В.С.Ли

К 78 **Әлеуметтік, ұлттық, рулық, нәсілдік, таптық немесе діни араздықты жандандыру туралы істер бойынша сот-филологиялық сараптама: қысқаша анықтамалық.** – Алматы, Халықаралық «Әділ сөз» сөз бостандығын қорғау қоры, 2019. - 96 бет.

ISBN 978-601-80426-1-4

Ұсынылатын кітапта сот-филологиялық сараптамадағы өзекті мәселелердің бірі – экстремистік бағыттағы ақпараттық материалдарды зерттеу, оның ішінде, әлеуметтік, ұлттық, рулық, нәсілдік, таптық немесе діни араздықты жандандыру істері бойынша мәтіндерді зерттеу тұрғысынан қысқаша мәліметтер келтіріледі.

Анықтамалықты құрастыруда «Әлеуметтік, ұлттық, рулық, нәсілдік, таптық немесе діни араздықты жандандыру туралы сараптамалық зерттеу әдістемесі» негізге алынды (ҚР ӘМ ССО, 2019).

Басылым тергеуші, сот, прокурор, сарапшы, қорғаушыларға, сондай-ақ қазақстандық жоғары оқу орындарындағы заң, филология және журналистика факультеттерінің оқытушылары мен магистранттарына арналған.

ӘОЖ 340(035)
КБЖ 67.01 я2

ISBN 978-601-80426-1-4

© Халықаралық «Әділ сөз» сөз бостандығын қорғау қоры, 2019

АЛҒЫ СӨЗ

Қазіргі кезеңде Қазақстанда, сондай-ақ бүкіл әлемде экстремистік әрекеттер мемлекет өміріне, азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарына, қоғамдық қауіпсіздікке және қоғамдық тәртіптің орнауына тікелей қатер төндіреді. Ғасырлар тоғысындағы экстремизм тәжірибесі экстремизмнің сирек және көпшілік жағдайда бұзақылық түрлерінен құқыққа қайшы бұқаралық акцияларға, жарылыстарға, өрт қою, кісі өлтіру, басқа да ауыр қылмыстарға жол салды. Көпшілік жағдайларда экстремистік сипаттағы қылмыстар вербалды амалдармен, жазбаша және ауызша мәтіндерді таратумен, сондай-ақ көпшілік алдында сөйлеу арқылы жасалады. Ғалымдардың тұжырымдауынша, ақпараттық дәуірде экстремизмнің ауызша көріністері (кейбір идеялардың таралуы) «дәстүрлі» ағымдарға қарағанда, қоғамға аса қауіпті құқықбұзушылық ретінде танылады. Адамзат сөзінің сиқырлы күші жалпыға жақсы мәлім, ол тек дау-дамайды дәйектеп, талқылап қана қоймайды, сонымен қатар насихаттауға, басқа адамдардың әрекеттерін басқаруға, жаппай қырып-жоятын қару ретінде үлкен әлеуметтік төңкерістерге алып келу мүмкіндігіне ие.

Экстремистік қылмыстар түрлеріне ҚР ҚК 174-бабында (қара. ҚК 3-бабының 39-тармақшасы, сондай-ақ ҚР Заңының «Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы» 1-бабының 1-тармақшасы) басқа да қылмыстар қатарында қарастырылған әрекеттер жатады, бұл әрекеттерді жүзеге асырудағы басты құрал ақпарат болып табылады. Әлеуметтік шиеленістерді, агрессия мен зорлықты-зомбылықты қоздыратын насихат-үгіт материалдарын жаппай жариялау, мемлекет тарапынан тиісті әрекетті талап етеді. Әлеуметтік қақтығыстардың уақтылы және тиімді түрде алдын алу үшін биліктің құзыретті органдары тиісті материалдарды қаурыт және объективті сараптауға мүдделі. Осыған байланысты экстремистік бағыттағы алғашқы ақпараттық материалдарға талдау жүргізу үшін ғылыми негізделген және тексерілген әдіснамалық база құру және оны іске қосу ерекше маңызға ие болып отыр. Мәтіннің мазмұны оның мақсаттық бағыттылығын дәлелдейтін бірден бір дереккөз болып табылатындықтан, даулы ақпарат материалдарын зерттеу сендіру (иландыру) ықпалының риторикалық тәсілдерін талдау әдістерін игерген тіл мамандарының құзырына жатады. Сот-филологиялық (лингвистикалық) сараптама барысында мәтіннің мазмұны, автордың коммуникативтік ниеті, мәтіннің мағыналық (семантикалық) бағыттылығы зерттеледі, экстремистік

әрекетті насихаттау түріндегі иландырушы (сендіруші) сөздердің бар/жоқтығы немесе нақты бір экстремистік әрекеттерді жүзеге асыруға үндеудің бар/жоқтығы анықталады, экстремистік мәтін құруда пайдаланылған тілдік құралдарға баға беріледі және т.б. Экстремистік сөйлеу актісін құқықтық бағалау осы таратылған ақпараттың мазмұнына байланысты және сол ақпарат мазмұнының бағасынсыз хабардың семантикалық бағыттылығын анықтау мүмкін емес. «Әлеуметтік, ұлттық, рулық, нәсілдік, тектік-топтық немесе діни араздықты жандандыру туралы сараптамалық зерттеу әдістемесі» (ҚР ӘМ ССО, 2019) осы көрсетілген міндеттер шешіміне бағытталған және соның негізінде осы ұсынылып отырған анықтамалық құрастырылды.

Анықтамалықтың сөздік мақалаларында аталған категориядағы істердің басты ерекшелігі – құқыққа қайшы сөйлеу әрекеттерінің насихаттық немесе үгіттік бағыттылығы көрініс табады. Анықтамалықта экстремистік материалдардың сот-филологиялық сараптамасындағы негізгі ұғымдар алға тартылады, олардың сыртында нақты сараптамалық келелі мәселелер шоғырланған. Кітапта, сондай-ақ сот сараптамасының аталған түрі бойынша сараптама тағайындау, оны жүргізу және рәсімдеу мәселелері баяндалады, сараптама міндеттерінің заңдық тұрғыдан орынды тұжырымдамасы ұсынылады. Жалпы алғанда, анықтамалық құқық қолданушыға сөз экстремизмін құқықтық анықтауда айқын бағдар беру мүмкіндігіне ие деп болжаймыз.

А

Айыптау сөйлеу актісі – сөйлеу әдебінің бір формасы, оған келесі құрылымдық ерекшелік тән:

А) Сенің Х-ті жасағаныңды білемін (шамалаймын).

Ә) Х жағымсыз құндылық болып есептеледі деп ойлаймын.

Б) Х жағымсыз құндылық болып табылады.

В) Саған (*факультативті* – үшінші бір адамның қатысуы кезінде), сенің Х-ті жасағаныңды айтып отырмын.

Г) Мұны саған өз айыбыңды білуің (мойындауың) үшін айтып отырмын (немесе өзіңнің кінәсіздігіңді дәлелдеу үшін).

Айыптау сөйлеу актісі өкпе-реніш сезімін тудыра алады.

Алауыздықты жандандыру

Әлеуметтік, таптық, нәсілдік, ұлттық, рулық және діни ала-

уыздықты жандандыру – қара. *әлеуметтік, таптық, нәсілдік, ұлттық, рулық және діни алауыздықты қоздыру*.

Алауыздықты қоздыру –

Әлеуметтік, ұлттық, рулық, нәсілдік, тектік-топтық немесе діни алауыздықты қоздыру – ҚР ҚК 174-бабында тұжырымдалған норма. Аталған норма алауыздыққа, сондай-ақ азаматтардың ұлттық ар-намысы мен қадір-қасиетін немесе діни сезімдерін қорлауға бағытталған, азаматтардың дінге, тапқа, ұлтқа, руға немесе нәсілге қатыстылық белгілеріне қарай олардың айырықшалығын, артықшылығын немесе толыққанды еместігін насихаттауға бағытталған кез-келген әрекеті үшін (әрекеттің сипаты нақты көрсетілмеген) қылмыстық жауапкершілікке тартуды көздейді.

Көрсетілген әрекеттер тек қалың бұқара алдында айтылып немесе бұқаралық ақпарат құралдарының, ақпараттық-коммуникациялық желілердің көмегімен, әдебиеттер мен басқа да ақпарат тасығыштарды шығару және тарату арқылы жасалған жағдайда ғана қылмыстық жауапкершілікке тартылады. Жариялылық дегеніміз, әрекеттер басқа адамдардың немесе белгісіз адамдардың қатысуымен жасалғанын білдіреді, егер сөйлеуші таратылатын ақпаратпен (мысалы, парақшалармен) көпшіліктің танысатынын есепке алған болса.

Аталмыш ақпарат көпшілікке таратылған сәттен бастап қылмыс аяқталған болып есептеледі.

Көрсетілген іс категориясы бойынша филологиялық сараптама пәні – даулы сөз өнімі авторының сөйлеу жосығы.

Сөйленісте алауыздықты қоздыру (жандандыру) белгілерінің бар екенін негіздеу үшін талданылып отырған үзіндінің (мәтіннің) міндеті заңда көрсетілген топтарға қатысты жаулық қарым-қатынасты негіздеу болып табылатын сөйленіс екенін дәлелдеу қажет. Бұл үшін:

- сөйлеуші қайсыбір топ өкілдерінің бойында, олардың мінез-құлқында, нақты әрекеттері үстінде үнемі көрініс беретін моралдық теріс қасиеттердің, жағымсыз қасиеттер мен кемістіктердің бар екені туралы пікір білдіруі керек;

- сөйлеуші өз пікірін осы топтың барлық өкілдеріне дұшпандық, төзімсіздік таныту қарым-қатынастары көріністерінің әділеттілігін, дұрыстығын растайтын пайымдаулармен (деректер, фактоидтар) негіздеуі керек (фактоидтар тұрғысында болмысқа байланысты сөйлеу интрепретациясы типтерін қараңыз).

Мұндай сөйленістің мақсаты бөлініп көрсетілген топқа қатысты жаулық қарым-қатынастың қажеттілігін насихаттау болып табылады.

Алауыздықты қоздыруды (жандандыруды) насихаттауға конституциялық тыйым үгіт орын алмаған (яғни, нақты әрекетке қозғау салу), алайда заңда көрсетілген топтардың біріне қатысты болу дерегіне орай адамға жеккөрушілік, жаулық қарым-қатынаста болу идеологиясына жол берген материалдарды экстремистік деп тануға негіздеме болады.

Тек *теpic*, жақтырмау мәнісіндегі *пiкiрдi* білдіру («жек көрушілікті білдіру») және өшпенділік пен араздықты қоздыратын *насихатты* («жеккөрушілік пен өшпенділікті қоздыру») білдіру тұрғысындағы мәлімдемелер мен жарияланымдарды дұрыс ажырату қажет. Халықаралық құқықтық актілердің және Қазақстан Республикасы Конституциясының тиісті ережелері нәсілдерге, ұлттарға, діндерге немесе әлеуметтік топтарға қатысты жағымсыз сөздердің барлық түрлеріне тыйым салу ретінде түсіндірілмейді. Автордың қайсыбір топ өкілдеріне қатысты жаулық және жеккөрушілік қарым-қатынас қажеттілігіне оқырмандарды (көрермендерді, тыңдармандарды) иландыра алмайтын, тек жеке басының жақтырмаушылық пікірі білдірілген материалдар жеккөрушілікті және жаулықты (араздықты) қоздыратын материал болып таныла алмайды. Заңға сыйымды және заңға сыйымсыз сөйлеу әрекеттерінің арасындағы айырмашылық критерийлері болып оның коммуникативтік міндеті (*айтылғандай, ненің негізделетіні*) және мақсаттық ұстанымы (*не үшін айтылады, не үшін негізделінеді*) табылады. Даулы мәтінге сараптамалық зерттеу жүргізу барысында жүзеге асырылатын арнайы лингвистикалық талдау осы сипаттарды анықтауға және тергеу ісі мен сотқа сәйкес сөйленістің (сөз-мәлімдемесінің) құқықтық дұрыс бағалануына мүмкіндік береді. Әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни және басқа да қатыстылығына қарай бөлініп көрсетілген адамдарға өшпенділік пен жаулық танытудың (араздық) этикалық, адамгершілік негіздемесі автордың өзінің жаулық қарым-қатынасын насихаттау мақсатымен біріктірілген коммуникативтік міндет ретінде құқыққа қайшы сөйлеу әрекетінің қажетті әрі жеткілікті белгілерін қамтиды.

Және сол уақытта кез келген адам сол немесе басқа топ өкілдеріне қатысты өз жеке басының жеккөрінішін көпшілік алдында конституцияда бекітілгендей білдіру құқығына ие. Сөйлеушінің тыңдармандар санасында экстремистік физикалық әрекеттерді

күптайтын қарым-қатынастар қалыптастыру үшін қолданылмайтын теріс бағалаушы пікірі осы түрдегі қауіп-қатерді төндірмейді, және азаматтардың ұлттық намысы немесе олардың діни сезімін қорлауға, заңда көрсетілген топтардың қайсыбіріне қатыстылығына қарай олардың айырықшалығын, артықшылығын немесе толыққанды еместігін насихаттауға бағытталмайды, тіпті кейбір адамдардың мазасыздануына алып келу немесе жақтырмаушылық жауаптарын туындату мүмкіндіктері болса да, заң қамқорлығында табылады. Әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни немесе тілдік қатыстылығы негіздемесінде бөлінген адамдарға қатысты өз жеке басының жеккөрушілік қарым-қатынасы туралы мәлімдеме конфликтогенді болу мүмкіндігіне ие сөйленіс ретінде қарастырылады (қара. *конфликтоген*). Мұндай сөйленістер жекелеген моралдық, этикалық нормаларға қайшы келіп, сөйлеу әдебінің діни және мәдени таптаурындарына (стереотиптеріне) сәйкес келмей, және осыны үшін қоғам тарапынан жазғыруға ұшырауы мүмкін, алайда осылай бола тұра экстремистік әрекетке тән белгілерді қамтымауы ықтимал.

Адам біреудің сөзі мен іс-әрекетіне қатысты сыңаржақ, әділетсіз, тіпті жеккөрінішті қарым-қатынасын білдіруге құқылы, алайда ол заңда көрсетілген барлық топ өкілдеріне қатысты өшпенділік немесе жаулық әрекеттерді ақтау, оларды әділетті көрсету қажеттілігіне адамдарды иландыру мақсатында сөйлей алмайды, тап осылай жеккөрушілік нысанының жеке бас қасиеттерінің жағымсыз бағасына байланысты оның құқықтары мен бостандықтарын шектеуге бағытталған әрекеттерді ынталандыруға да қатысты айтылады. Мұндай мақсаттық ұстанымның анықталуы сөйленістің толық мәнісінің тыңдармандарды иландыруға ықпал етуді көздейтінін дәлелдейді. Нақ осы жағдай ақпараттық материалды құқыққа қайшы сөйлеу әрекеті етіп шығарады.

Алауыздықты қоздыру механизмдері (араздық) – ықпал ету үдерісі ретінде танылатын алауыздықты (араздықты) қоздырудың ішкі құрылғысы кез-келген басқа әсер ету үдерісі сияқты бірнеше кезеңнен өтеді. «Қоздыру» сөйлеу ықпалының түрі ретінде семантикалық формуламен сипатталады: «Р. ояну/құлшыныс/сезім күйлерінің сенің бойыңда оянып, сенің сезінуің үшін мен саған Х-ті айтып отырмын». Кез-келген иландыру, сендіру (ықпал ету) үдерісі, соның ішінде қоздыру мен ынталандыру (үндеу арқылы) келесі сұлба бойынша өтеді: **назар салу → қызығушылық → әрекет ету ниеті.**

Бұл үдерістің қалай жүзеге асатынын әдеттегі қарапайым мысалдан қарастырайық. Көп пәтерлі үй тұрғындарының жиналысында ПИК (пәтер иелерінің кооперативі) төрағасы сөз сөйлейді: «Кіре беріс суағарлары тесіліп, су кетіп жатыр, жаңбыр кезінде су домофон сымдарына ағады, айқас тұйықталу болады. Элеватор вентильдерінің тозығы жеткен, кез-келген уақытта үзіліп кетеді де, жертөлени басып қалады, оларды ауыстыру қажет. Тесілген шатырдан су ағып, пәтерлерді басады, кіреберістегі электр панельдерін жөндеу керек. Жалпы алғанда, мұның барлығы үйде, әр пәтерде дымқыл, сыз, өңездің пайда болуына, өрт қаупіне алып келеді. Жалпы алғанда, жөндеу жұмыстарын жүргізу, жертөледегі жабдықты ауыстыру үшін үйді жөндеуге арналған тарифті көтеру қажет. Таяу уақытта біз келесі нәрселерді жасауымыз керек».

Алдымен тыңдармандар **назары** сөздің тақырып рәсімделетін, орын алған мәселе сипатталатын бөлігіне аударылады. Тақырыпқа тыңдармандардың **қызығушылығын** тудыру үшін, баяндамашы талқыланатын мәселені әр үй иесімен және үймен байланыстырады, яғни қазіргі орын жағдай әрбір тұрғынға тікелей залал келтіріп, оның өмір сүру жағдайына және оның отбасы мүшелерінің өміріне кері әсер етуі мүмкін екендігін дәлелдейді. Тыңдаушы мәселені шешуге қызығушылық танытқан кезде, сөйлеуші бұл мәселенің шешілу жолдарын ұсынады, әрекет ету қажеттігін тұжырымдайды және дәйектейді (негіздейді). Осылайша, адресатта **әрекет етуге** ниет қалыптастырылады.

Алауыздықты (араздықты) қоздыру механизмдерін қарастырмас бұрын жеккөрушілік және араздық ұғымдарын қарастыру қажет. **Жек көрушілік** - бұл психологиялық күй, сезім (яғни, тек ішкі эмоциялық күй), сонымен қатар аса күшті жақтырмаушылық сезімі, бұл тұрғыда **өшпенділік (жаулық)**, әдетте, жек көрушіліктің объективтендірілген формасы ретінде түсіндіріледі. Бұдан жек көрушілік және жаулық (өшпенділік) ұғымдарының өзара тығыз байланыстылығын көруге болады. Алайда бұл ұғымдар арасында айтарлықтай айырмашылықтар бар: жек көрушілік – бұл психологиялық күй, (адам ұзақ жылдар бойы біреуді, бір нәрсені жек көруі мүмкін, алайда сол уақытта жек көрушілік сезімі ешбір түрде сыртқы шығарылмайды); жаулық (өшпенділік) болса – әрекет немесе әрекет етуге әзірлілік. Жек көрушілік өшпенділіктің (жаулықтың) бастапқы сатысы ретінде танылады, ал сол уақытта жаулық (өшпенділік) – бұл физикалық тұрғыда көрініс беретін жек көрушілік.

Сендіру (иландыру үдерісінің) жоғарыда көрсетілген жалпы сұлбасы үш кезеңнен тұрады.

Сендірудің (иландырудың) бірінші кезеңі - адресаттың мәселені пайымдауына, оның себептері мен салдарына бағдарланатын ұтымды түсінік беру әрекеті. Экстремистік мәтіннің соңғы кезеңі белгілі бір бағыттағы белсенділік танытуына түрткі салу және нақты әрекеттерге үндеу болып табылады. Идеологияның қалыптасуы мен арандату әрекеті арасындағы байланыстырушы буын психиканың қалыпты (статикалық) күйден динамикалық жағдайға, немқұрайлы пәрменсіз (пассив) күйден белсенді қалыпқа бет бұру сатысы болып табылады. Қозғаушы (қоздырушы) мәтін нақ осы мақсаттарға жұмыс істейді.

Сөйлеу үдерісінің осы жалпы сұлбасын вербалды (тілдік) экстремизм терминдерінің тіліне мына түрде аударады: назар аударту кезеңі *фактілерді алға тарту (констатация, ақпарат беру)* әрекетіне сәйкес келеді, «мәтін әлі өзінің дамыған кезеңінде өзіне берілетін теріс эмоционалдық зарядқа ие болмаған сәті. Қызығушылықты қалыптастыру кезеңі *жек көрінішті сезім тудыруға* (қоздыруға) сәйкес келеді, «сипаттама объектісінің теріс образы мәтінде көрініс беріп үлгергенде, ал оқырманның оған қатысты жеке теріс (жағымсыз) ұстанымы қалыптасқан сәті. Ниеттің пайда болуы «оқырман алдында нақты іс-қимыл бағдарламасы көрініс бергенде» *іс-қимылдың қажеттілігін негіздеуді және / немесе тұжырымдауды* білдіретін жанама үндеуге сәйкес келеді. Немесе басқаша айтқанда – сөйлеу нысанына қатысты әрекеттерді жоспарлау сатысы (алауыздықты/араздықты қоздыру үдерісін бейнелейтін төмендегі кестені қара).

Жек көрушілік пен алауыздықты (араздықты) қоздыру құбылыстарының жек көрушілікті қоздыру кезеңін және өшпенділікті (жаулықты) қоздыру кезеңін ғана қамтитын, басқа ақпарат беру кезеңінсіз дейтін қысқа нұсқасы да бар. Бір сатыдан екінші сатыға өту кезінде мәтіннің үндеушілік сипаты артады. Сөйтіп, *ақпарат беру сатысында* оқырман тек жағдайдың байыбына жетеді, одан өзіне қатысты елеулі мәселені байқамайды. *Жек көрушілікті қоздыру сатысы* оқырманды «ширықтырады», теріс күймен қуаттандырады. Осы сатыда сөйлеу (әңгіме) нысанының (әлеуметтік топтың) жағымсыз бейнесі жасалады, соның нәтижесінде адресат санасында осы нысанға қатысты жағымсыз ұстаным қалыптасады. *Алауыздықты (араздықты) қоздыру сатысында* оқырман әрекет ету қажеттігін түйсінеді. Алауыздықты (араздықты) қоздыру сатысы сөйлеу нысанына қатысты іс-қимылдың қажеттілігін негіздеген және/немесе мақұлдаған

жанама немесе жасырын үндеуге құрылатын соңғы сатысы болып табылады.

Назар	Қызығушылық	арандау шылық кедергі	әрекет етуге ниеттілік
Ақпарат беру	жек көрушілікті қоздыру		жанама үндеу
алауыздықты қоздыру			

Алауыздықты (араздықты) қоздыру жек көрушілікті қоздыру үдерісімен салыстырғанда сөйлеу адресатына қатысты нақты әрекеттерді қолдану қажеттігін негіздеу және/немесе мәлімдеу арқылы тікелей қауіп төндіруші дұшпан бейнесін нысанға жапсыру (таңу) әрекетімен және осы қауіпті жүзеге асырудың бағдарламасымен толығады, бұл адресатты залал келтіруші нысанға қарсы қимылдарға, қарсы әрекет етуге жанама түрде ынталандырады.

Ә

Әлеуметтік топ – ҚР ҚК 174-бап нормасы әлеуметтік алауыздықты жандандыруға байланысты жауапкершілікті қарастырады. (қара. *әлеуметтік, таптық, нәсілдік, ұлттық, рулық және діни араздықты қоздыру*). ҚР ҚК 174-бап мәнмәтінінде әлеуметтік топ деп физикалық (биологиялық) жағынан ерекшеленетін адамдар тобына қарағанда физикалық емес әлеуметтік (яғни, қоғамдық маңызды) өзгермейтін белгілері (нәсілдік, рулық, ұлттық қатыстылық) бойынша біріктірілген адамдар қауымдастығы түсініледі. Кез келген әлеуметтік (физикалық емес, өзгеретін) ажыратушы белгі теориялық тұрғыда жекелеген әлеуметтік топты бөлуге негіздеме бола алады (мысалы, әлеуметтік мәртебесі, білім деңгейі, кәсіби қызметі, сүйікті ісі, партиялық мүдделері, қоғамдық-саяси көзқарасы, спорттық қызығушылығы, сексуалды бағдары және т.б.).

Б

Баға – қара. *болмыстың тілдік түсіндірмесінің (интерпретациясының) типтері*

Болмыстың тілдік интерпретациясының типтері. Кез келген

қарым-қатынас актісінің мақсаты – хабарды жеткізу. Сөйленістің прагматикалық қызмет аспектісінде хабарламада қамтылған ақпарат сөйлеушінің болмысты қабылдау ерекшеліктерін бейнелейтін тілдік құрылымның төрт түрлі типіне келіп саяды: бұл – дерек, пікір, баға, ерік-қалау.

1. Дерек – бұл сөйлеу әрекетінің типі, оның сөйлеудің басқа типтерінен айырмашылығы, нақты орын алған оқиғалар туралы, нәрселердің материалды сапалары, өмірде орын алған байланыстар мен қарым-қатынастар туралы хабарлайды. Мәтінді зерттеу аясында дерек туралы тұжырым екі тұрғыдан қарастырылады: онтологиялық және логика-танымдық. Дерек онтологиялық түсінікте – бұл болмыс күйін сипаттайтын кез келген объективті (яғни, сөйленіс авторына тәуелсіз) орын алған оқиға немесе жағдай. Мұндай деректердің шындыққа сәйкестігі техникалық тұрғыдан тексеріле алады. Логика-танымдық тұрғыда дерек деп анықталған мезгілдік-кеңістіктік сипаттамалармен шектелген болмыс фрагменттерінің сипаттамасы нәтижесінде алынған білімнің *негіздемесі* танылады. Сөйтіп, дерек деп білім жүйесінің элементтері түсініледі, олар онтологиялық деректерді тілдік құралдар көмегімен көрсетеді. Деректер қоғамдық білім бөлігін ұйымдастырады, реалды әлем заңдарының адам санасындағы жүйелі мәністері.

Мәтінді лингвистикалық зерттеу аспектісінде дерек деп болмыс нысандары мен құбылыстарының байланыстары туралы констаттаушы тұжырымдар, қатысушылары жанды және жансыз нысандар болып табылатын практикалық қызмет мәліметтері туралы хабарламалар, сондай-ақ нысандардың адам түйсінетін сандық және интенсивті белгілері немесе олардың кеңістіктік-мезгілдік сипаттары туралы мәліметтер саналады.

Дерек сөйлеу әрекетінің типі ретінде болмысқа қатысты нысандар арасындағы қатынастар мен өзгерістердің ақиқаттығы мен жалғандығын, сондай-ақ олардың сапалық қасиеттері мен физикалық белгілерінің байланыстарын тұжырымдайды. Олар эмпирикалық жолмен тексеріле алады, сондықтан дерек формасында баяндалған мәліметтердің шынайылығына байланысты жауапкершілік авторға артылады. Алайда лингвистің міндеті мәтіндегі деректің ұғымдық қасиеттеріне ие констаттаушы тұжырымдарды анықтаумен шектеледі, сол уақытта деректік ақпараттың шындыққа сәйкестігін тексеру лингвистикалық зерттеу аясынан шығып кетеді. Осы тұжырымдардың шындыққа сәйкестігін осы онтологиялық деректер

карамағына енетін сала (тарих, әлеуметтік, дінтану, психология, саясат және т.б.) маманы растауы керек.

2. Пікір – бұл қарым-қатынастың, оқиғаның, әрекеттің сапалы жақтары туралы этикалық пайымдаулар, түйсікті қабылдау, сезім негізінде нысандардың (құбылыстар, оқиғалар және т.с.с.) сапалы байланыстарына адамның жеке қарым-қатынасын білдіретін сипаттамалық мәліметтер, пайымдау нысанының маңыздылығы туралы және сәйкесінше, пайым нысанының әлеуметтік-саяси, экономикалық, мәдени, интеллектуалдық-менталдық үдерістерге әсер ету дәрежесі туралы субъективті түсінік. Пікір сөйлеу нысанының автор тарапынан түйсініліп, санада сарапталған объективті сапаларының құндылықты сипаттамалары («дұрыс-қате», «әділетті-әділетсіз», «рационалды-рационалды емес») туралы сөйленіс мазмұнының бөлігін құрайды.

Пікір сөйленіс авторы тарапынан баяндалған мәліметтердің сапалық-сипаттамалық жоспарына жауап береді. Олардың ақиқаттығы немесе жалғандығы тексеріле алмайды, алайда, егер шынайы деректерді дұрыс тұжырымдауға негізделген болып, сөйлеушінің, сондай-ақ тыңдарманның да интуитивті интерпретациясы ретінде расталса «дұрыс» деп танылуы мүмкін, Пікірді жұртшылыққа жария ету құқығы сөз бостандығы туралы ережемен кепілдендіріледі, алайда пікір жек көрушілік пен алауыздықты, әлеуметтік агрессия мен зорлық-зомбылықты насихаттамауы керек.

Мәтінде пікірдің маркерлері ретінде модаль мәнді тілдік бірліктер (күман, сенімсіздік, болжам, долбар, мүмкіндік, хабарламаның шынайылық дәрежесінің бағалануы және т.с.с.) және мүмкіндік, шарттылық, жорамал жасау, болжау, күдік мәнді шылаулар орын алады, Предикат орнындағы етістік формалары түр, шақ (уақыт) және рай жағынан шектелмейді. Пікір пропозициясының предикаттық өзегі болып көбінесе менталды-интеллектуалдық қызмет мәні қамтылған етістіктер орын алады.

Пікірдің қайсыбір түрлеріне білімнің объективті, сонымен қатар субъективті элементтерін қамтитын фактоидтар жатады. Ақпараттың объективті сипаттамалар қамтылған бөлігі болмысқа (шындыққа) сәйкестігі жағынан тексеріледі.

3. Баға сөйлеу әрекетінің типі ретінде ақпараттың экспрессивті-бағалауыштық тұрғыдан түрлендірілген типі түрінде танылады. Бағалар санада қалыптасып, автордың нысанның сапалық белгілерімен уәжделген жеке құндылықтық қарым-қатынасын білдіреді. Бұл бағаның сөйлеу пәнінің объективті қасиеттерінен қол үзіп, өз

бетімен әрекет етуінің мүмкін еместігін көрсетеді, ол сөйленістің экспрессивтік бөлігін қалыптастырады.

Бағалауыштық пайым нысанды сипаттамайды, сөйлеуші тарапынан оның субъективті көрінуін, қабылдануын жеткізеді. Дж. Р. Серль «Классификации иллокутивных актов / Иллокутивтік актілердің жіктемесі» еңбегінде: «Бағалауыштық сөйленістердің мақсаты әлемді сипаттауда емес, эмоцияны және мақтау немесе жазғыру, жағымпаздану немесе қорлау, ұсыныс білдіру немесе кеңес беру, бұйрықтар беру немесе басқару және т.с.с. қарым-қатынасты білдіруде» деп жазады.

Бағалар сөйлеушінің нысанға байланысты эмоционалды реакциясы мен деректің, сөйлеу пәнінің көрініс беретін қасиеттерінің тұжырымдамасы ретінде қалыптасқан жеке қарым-қатынасын білдіреді (кейде бөлініп көрсетілген сапаға қатысты айқын немесе жасырын салғастырулар түрінде). Тұлғаның жеке қасиеттерінің әдепсіз формада берілген өрескел, шымбайға бататын теріс бағасы сөз болып отырған тұлғаның қадір-қасиетін қорлау әрі кемсіту ретінде бағалана алады.

4. Ерік білдіру сөйленіс формасында ұсынылған сөйлеу әрекетінің типі ретінде адресаттың белсенді әрекетіне түрткі болып, сөйлеуші тарапынан қойылған мақсатқа қол жеткізуді көздейді. Бұл сөйлеушінің әлі жүзеге асырылмаған оқиғаны, әрекетті немесе үдерісті белгілеген предикаттың формасы мен мазмұны арқылы адресатқа ықпал етуі орын алатын сөйленіс.

Сөйлеу әрекетінің бұл типіне түрлі бұйрықтар, нұсқаулар, қаулы, нұсқаулық, өсиет, уағыздар, кеңес, үндеулер, ұран, уәде, ант, талап, сауалдар, тілектер жатады. Сөйлеушінің мақсаттық ұстанымымен уәжделген ерік-қалаудың (модальдылықтың түрлі өлшемдерімен: «аламын-қалаймын-керек») білдірілуі коммуникативтік міндет болып табылады, ал бұл сөйленістің басқарушылық ықпалы берілген тип әрекетінің мақсаттық ұстанымы болып табылады. Пікірді білдірудің мамандандырылған түрлерінің бірі бола отырып, ерік-қалау үгіттік сөйленістерде адресатты өз бетінше әрекет етуге ынталандыру үшін пайдаланылады.

Ерік-қалау мағынасы о баста етістіктің бұйрық райымен байланыстырылды. Кейін сөйлемнің функционалды типтері бөлініп шығарылды: хабарлы, сұраулы, лепті және ерік-қалау пропозициясын қамтитын бұйрықты сөйлемдер. Өз бойында модаль сөздер мен шылауларды, келер шақ формасын, жанама мәселелер мен басқа да

нәрселерді қамтитын тілдік жеткізу өресінің барлық мүмкін формаларының ішінде бұйрықты білдірудегі басты өзек болып бұйрық рай формаларындағы етістіктер қалады.

В

Верификация – дәлелдеме, растау, тәжірибелік (эмпирикалық) мәліметтер негізінде еркін тұжырымның ақиқатын анықтау тәртібі. Лингвистикалық сараптамада сөйленістердің тексерілетін және тексерілмейтін қасиеттері әр түрлі категориядағы істер (*жала жабу, ар-намыс, абырой және іскерлік беделді қорғау, терроризм актісі туралы көрінеу жалған хабарлама және т.с.с.*) сараптамасын жүргізуде маңызды болып табылады. Осы сараптамалық жағдайлардың өзегінде бағалау мен деректерді, деректер туралы пікірлер мен тұжырымдарды өзара ажырату мәселесі тұр. Лингвистикалық сараптамада *дерек туралы мәлімдемелердің* шындыққа сәйкестігі тексеріле алынады деп болжанады, ал тексерілмесе я тексеруге келмесе (тексеріле алмайтын болса) біздің алдымыздағы сөз өнімі *пікір* немесе *бағалау* болып шығады.

Д

Даулы сөз (сөйлеу) мәтіні – сот сараптамасына немесе лингвистикалық зерттеуге ұсынылған сөз (сөйлеу) өнімінің шартты атауы.

Дерек – кара. *болмыстың тілдік интерпретациясының типтері.*

Е

Ерік білдіру – кара. *болмыстың тілдік интерпретациясының типтері.*

З

Заңгерлік лингвистика (юрислингвистика) – қолданбалы лингвистиканың бағыты, ол тіл, құқық және қақтығыс тоғысындағы мәселелерді зерттейді, сөйтіп, өз бойында лингвистика, құқықтану және қақтығыстану элементтерін үйлестірген кешенді білім саласы болып табылады.

Заңгерлік лингвистика (юрислингвистика) қазіргі уақытта бірнеше бөлімдерді қамтиды.

Лингвистикалық қақтығыстану немесе лингвоқақтығыстану тілдік ортада туындаған қақтығыстардың пайда болу себептерін, өту сипатын және қақтығыстардың алдын алу мүмкіндігіне ие тәсілдерді және, оның ішінде, қазіргі құқық нормалары арқылы жүйеленетіндерін де зерттеумен айналысады,

Заңгерлік лингвистикалық герменевтика заңгерлік тіл құрылысын, қызметін, сондай-ақ заң тілінде немесе құқық тілінде орындалған мәтіндердің қабылдану және түсінілу ерекшеліктерін зерттейді.

Лингвистикалық сараптама сот-филологиялық (лингвистикалық) сараптаманың теориялық негіздерін зерттейді, сонымен қатар әртүрлі категориядағы істер бойынша сот-филологиялық сараптамалар жүргізу ісін әдістемелік қамтамасыз ету талдамасын жасайды.

Заңгерлік лингвистика перифериясында (шеткі аймақтарында) заңгерлердің сөйлеу қызметінің (соттар мен қорғаушылардың сөйлеу әдебі, заң мәтіндерінің тілдік әдеби нормаларға сәйкестігі) ортологиялық (яғни, сөйлеу нормалары мәселелері) және суггестивтік (яғни, қайсыбір адамның ойына, түйсігіне ықпал етуші) аспектілері табылады.

Сөйтіп, заңгерлік лингвистика лингвистикалық сараптамаға толықтай қиыспайды, алайда тіл мен құқық тоғысында туындайтын ауқымды мәселелер кешенін өз бойында қамтиды.

И

Интенция – *қара. коммуникативтік ниет*

К

Кешенді сараптама іс үшін маңызы бар жағдайды анықтауда түрлі салалар бойынша білімге негізделген зерттеу қажет болғанда тағайындалады да, түрлі мамандықтар бойынша сот сарапшыларының өз құзыреттері (біліктілігі) шектігінде жүргізіледі.

Кешенді сараптама бір ғана сарапшы тарапынан жүргізіле алады, егер сол сарапшы түрлі сараптамалық мамандықтар бойынша зерттеу жүргізу құқығына ие болса.

Кешенді сараптама қорытындысында әрбір сот сарапшысының

қандай зерттеу жүргізгені, қандай көлемде жүргізгені және қандай қорытындыға келгені көрсетілуі тиіс. Әрбір сот сарапшысы қорытындының сол зерттеулер қамтылған бөлігіне қол қояды.

Әрбір сот сарапшысы тарапынан жүргізілген зерттеу нәтижелері негізінде олар анықталуы үшін сот сараптамасы тағайындалған жағдай туралы жалпы (ортақ) бір тұжырым (қорытынды) жасайды. Жалпы (ортақ) қорытындыны (қорытындыларды) тек алынған нәтижелерді бағалауға құзыретті (біліктілігі жететін) сот сарапшылары ғана шығарып, қол қояды. Егер комиссияның ақырғы қорытындысының немесе оның бөлігінің негіздемесіне сот сарапшыларының бірінің ғана (жекелеген сот сарапшысының) тарапынан анықталған деректер алынса, онда бұл туралы қорытындыда көрсетілуі керек.

Өртүрлі пікірлер туындаған жағдайда, тұжырымы комиссияның басқа мүшелерінің пікірлерінен өзгешеленетін сот сарапшысы сол өз тұжырымын қорытындыда жеке рәсімдейді.

Комиссиялық сараптама күрделі сот сараптамалық зерттеу жүргізу қажеттілігі туындаған жағдайда тағайындалады, және бір мамандық саласынан кем дегенде екі сот сарапшысының қатысуымен жүргізіледі.

Мұнымен қатар комиссиялық сот сараптамасын тағайындаған орган (тұлғаның) қаулысының, анықтамасының орындалуы міндеттеледі.

Сот сараптамасы органының жетекшісі ұсынылған материалдар бойынша комиссиялық сот сараптамасын жүргізу және оны ұйымдастыру туралы дербес шешім қабылдауға құқылы.

Комиссия құрамына енетін сот сарапшыларының қызметін (жұмысын) үйлестіру үшін сот сараптамасы органының жетекшісі сарапшы-үйлестірушіні тағайындайды.

Сарапшы-үйлестіруші сот сараптамалық зерттеу жұмысының жалпы жоспарының талдамасын жасайды, сот сараптамасын жүргізудің жалпы мерзімі аясында жекелеген зерттеулерді жүргізу уақытын анықтайды және олардың сақталуын бақылайды, сот сараптамасын тағайындаған органмен (тұлғамен) байланыс орнатады, сот сарапшыларының мәжілісін басқарады.

Комиссиялық сот сараптамасын жүргізу кезінде сот сарапшыларының әрқайсысы тәуелсіз әрі дербес түрде толық көлемде зерттеу жүргізеді.

Сараптамалық комиссия мүшелері алынған нәтижелерді бірлесіп

талдайды немесе барлығы бір ортақ пікірге тоқтай отырып, сот сараптама қорытындысына қол қояды немесе қорытынды берудің мүмкін еместігі туралы хабарлама жасайды. Әртүрлі пікірлер туындаған жағдайда тұжырымы комиссияның басқа мүшелерінің пікірлерінен өзгешеленетін сот сарапшысы сол өз тұжырымын қорытындыда жеке рәсімдейді.

Коммуникативтік ниет (немесе коммуникативтік мақсат, коммуникативтік интенция) – бұл сөйлеуші я жазып отырған тұлға сөйленісінің нақты мақсаты, яғни оның хабарлау, сұрау, баға беру, қозғау салу т.с.с. ниеті, сол ниетке байланысты сөйлеу өнімі шығарылады. Аталған ақпарат мына формула түрінде сипатталуы мүмкін: ‘мен мұны сенің біліп жүруің үшін және/немесе бірдеңе жасауың үшін айтып отырмын’.

Мұнымен бірге тілдің шынайылықта ғана қолданылмауға қабілеттілігіне байланысты сараптамалық талдау пәні мәтіннің құрылу мақсаты мен нақты уәжін (себебін) анықтау (егер автор олар туралы айтпаған болса) болып табыла алмайды. Осыған байланысты мәтінді тудырушы тұлғаның менталды күйі (ниеті) сөзбен білдірілген коммуникативтік ниеттен ерекшелене алады (сәйкес келмей қалуы мүмкін), сарапшы тек қана сөзбен білдірілген мақсатпен жұмыс істейді. Аталмыш қасиет коммуникативтік ниет пен айыптың құқықтық құрылымын (конструкция) өзара теңестірудің мүмкін еместігін көрсетеді.

Коммуникативтік мақсаттар мәтін бағытымен тығыз байланысты: ол мәтін бағытын ұйымдастырады және мәтін көмегімен білдіріледі. Сондықтан коммуникативтік мақсаттарды талдау кезінде міндетті түрде мәтіннің жалпы бағыттылығы да ескерілуі тиіс, бірі екіншісіне сәйкес келуі керек.

... әлеуметтік, ұлттық, рулық, нәсілдік, таптық немесе діни алауыздықты қоздыруға, ұлттық қадыр-қасиетті және абыройды немесе азаматтардың діни сезімдерін қорлауға бағытталған әрекеттер туралы ҚР ҚК 174-бабы диспозициясының құрылымы (конструкция) алауыздықты қоздыру Қылмыстық кодекстегі аталған нормада қарастырылған құқыққа қайшы әрекеттің мақсаты болып табылатынын көрсетеді. Алауыздықты қоздыру ықпалдастық (сендіру, иландыру) үдерісі болып танылады (қара. *алауыздықты қоздыру механизмі*), бұл үдеріс кезінде автор оқырманды/тыңдарманды өз ойының кейпін қабылдауға және соған сәйкес әрекет етуге мәжбүрлей отырып, оларға

эмоция, пікір және қалау еркін тікелей міндеттейді. Сондықтан барлық жағдайларда материалды алауыздықты қоздырушы (яғни, экстремистік) деп тану үшін маңызды негіздемені белгілеу сол немесе басқа әлеуметтік (сөздің кең мағынасында) топ адамдары туралы нақты не айтылатыны, сөйлеушінің сол топ өкілдеріне қатысты жеккөрушілік немесе өшпенділік қарым-қатынасты насихаттау тұрғысындағы мақсаттық ұстанымы бар ма екенін қарастырумен анықталады.

Конфликтоген – филологиялық сараптамада бұл вербалды элементтер (сөз, сөйленіс және фразалар), олар қақтығысты сөйлеу жағдаятының бірден бір қайнар көзі бола алады.

Сол немесе басқа ақпараттық материалдың құқыққорғау органдар саласының назарына түсуінің және соның салдарында зерттеу нысанына айналуының басты себебі оның мазмұнында конфликтогенді элементтердің орын алуы болып табылады. Конфликтоген сөйлеушінің ұлттық қатыстылық негіздемесі бойынша бөлінген адамдарға теріс, жеккөрушілік сезімі білдірілген сөйленісі болуы мүмкін; бұл пікір, конфликтогенді бола отырып, жекелеген моралдық нормаларға қарама-қайшы келуі мүмкін («Нашар ұлт жоқ, нашар адамдар бар / Нет плохих наций, есть плохие люди»), сөйлеу жосығының мәдени стереотиптеріне сәйкес келмеуі мүмкін, алайда осы орайда вербалды экстремизм белгілерін қамтымауы мүмкін. Саяси, экономикалық, кәсіби саланың немесе адамның (немесе адамдар тобының) басқа да маңызды қызметінің қайсыбір аспектісі туралы теріс пікір, қоғамдық маңызды іспен айналысушы адамның қызметі мен жеке басының қасиеттері туралы теріс (жағымсыз) пайымдау, билікті орын алған күрделі мәселелерді, шиеленісті, дағдарысты жағдаяттарды туындатушы әрі қасақана қолдаушы тұрғысынан айыптаулар және т.б. конфликтоген бола алады. Мұндай теріс ақпарат шектеусіз адамдар қауымы арасында таралатындықтан, көпшілік сынына ұшырайтын жоғарыда көрсетілген адамдар тобының өкілдері психологиялық дискомфортқа шарасыз бой алдырады. Көрсетілген тұлғалардың өзін және өз тобын қорғау үшін заңгерлік механизмдерге жүгінуін «ақпараттық кейіттіргішке (кейістік тудырушыға)» қарсы қалыпты адами тітіркеніс деп есептеу керек. Сол уақытта таратылған ақпаратқа мазмұнды баға беруші құқық қолданушы органдар мен сарапшылар сөйлеу жосығының тек заңда белгіленген құқыққа қайшы өлшемдерін ғана басшылыққа алулары керек (қара.: *экстремистік материалдар*).

Зерттеу нәтижелеріне қарай сарапшы материалдарда экстремистік

сөйлеу әрекетінің коммуникативтік белгілері орын алмаған, алайда материал мазмұнында конфликтогенді сөйленістер ұшырасатыны тұрғысындағы қорытындыға келіп жатқан жағдайда, материалдарға мақсатқа сәйкес зерттеу жүргізіп, себептерін көрсетуге кеңес беріледі, соның негізінде олар заңгерлік тұрғыдан тыйым салынған сөйлеу әрекетінің көріністері ретінде саралана алмайды. Сәйкес дәлелдеме сарапшы тұжырымдарын негізді әрі объективті етіп танытады, сонымен қатар конфликтогенді ақпаратты «залалсыз» немесе «бейтарап», ешқандай тексеріске негіз жоқ деген түрде бағалауға жол бермейді.

Конфликтогенді пікір білдірудің құқыққа қайшы келмейтін мейлінше кең таралған жағдайларының сипаттамасы мына құжатта қамтылған: «Саяси ұйымдар, идеологиялық және діни бірлестіктер немесе діни сенім-нанымдар, ұлттық немесе діни салттарға байланысты сындар өздігінен өшпенділікті немесе араздықты қоздыруға бағытталған әрекет ретінде қарастырылмауы тиіс» (10). «Өздігінен қарастырылмауы тиіс» сөз орамы мына тұрғыда түсіндіріледі: тек анықталған жағдайларда, нақты айтқанда, адамдарға қарсы өшпенділік немесе жаулық қарым-қатынас қажеттілігін негіздеуге немесе оларға қарсы әрекеттерге түрткі салу тұрғысындағы мақсаттық бағыттылықтың бар екені мәтінді талдау барысында анықталған жағдайда ғана көрсетілген сын қанша дегенмен заңгерлік тұрғыдан араздықты қоздыруға бағытталған әрекет ретінде саралануы мүмкін.

Егер талданылып отырған материалда сыни мәлімдеме (сөйленіс) қамтылған болса, алайда басқа бір мақсаттық ұстанымды жүзеге асыру үшін пайдаланылса, бұл туралы зерттеудің жалпы қорытындысында көрсету керек. Бұл жағдайда мәтінде экстремистік сөйлеу әрекеті белгілерінің орын алғаны туралы сұрақтың жауабы үзілді-кесілді теріс болуы тиіс.

Қ

Қайталама сараптама сот сарапшысының алдыңғы қорытындысы жеткілікті түрде негізделмегенде немесе оның тұжырымдары күман тудырғанда, не сот сараптамасын тағайындау және оны жүргізу кезінде процессуалдық нормалар айтарлықтай бұзылған жағдайларда сол бір ғана нысандарды зерттеу үшін және сол бір ғана сұрақтардың шешімі үшін тағайындалады.

Қайталама сот сараптамасын тағайындау туралы қаулыда, анықтауда алдыңғы сот сараптамасының нәтижелерімен келіспеу себептерінің негізделген уәждері келтірілуі керек.

Қайталама сот сараптамасын жүргізу сот сарапшыларының комиссиясына жүктеледі. Алдыңғы сот сараптамасын жүргізген сот сарапшылары қайталама сот сараптамасын жүргізу кезінде оған қатысып, комиссияға түсініктеме бере алады, алайда сараптамалық зерттеуге және қорытынды құрастыруға олар қатыстырылмайды. Қайталама сот сараптамасын жүргізу ісін тапсыру кезінде сот сарапшысына алдыңғы сот сараптамасының қорытындылары ұсынылуы тиіс.

Өртүрлі пікірлер туындаған жағдайда, тұжырымы комиссияның басқа мүшелерінің пікірлерінен өзгешеленетін сот сарапшысы сол өз тұжырымын қорытындыда жеке рәсімдейді.

Қақтығысты мәтін – 1) *даулы мәтін, даулы сөз (сөйлеу) туындысы* ұғымдарымен шамалас; 2) қақтығыс тудыруға қабілетті мәтін, сөйлеу қатынасы ережелері және әлеуметтік әдеп ережелері бұзылған мәтін. Сөйлеу қатынасы ережелері тұрғысында, әдетте, сөйлеу қатынасы максимдері талдамаланған Г. Грайс постулаттары түсініледі. Қақтығысты сөйлеу өнімдерін зерттеумен заңгерлік лингвистиканың бір саласы – лингвоқақтығыстану айналысады.

Қателер –

Ақпараттық материалдарды зерттеу және сараптама тағайындау мен оны жүргізу барысында жіберілген қателер. Тек кейбір типтік қателер ғана көрсетіледі.

1. Заңда көрсетілген алауыздық түрлерін қоздыру істері бойынша сараптама тағайындау ережелерінің бұзылуы басым жағдайларда сарапшы шешіміне құқықтық сұрақтардың қойылуымен байланысты болып табылады. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының «Қылмыстық істер бойынша сот сараптамасы туралы» 2004 жылғы 26 қарашадағы N 16 нормативтік қаулысында осы аспект бойынша келесі түрде түсініктеме берілген:

«Істің дұрыс шешілуі үшін маңызы бар сұрақтар соттың сараптама тағайындау туралы қаулысында тұжырымдалуға тиіс. Қаулыны шығару кезінде сарапшының алдына қойылған сұрақтардың сараптама жүргізу тапсырылған адамның арнайы білімінің шегінен аспауы керектігін назарда ұстаған жөн.

Сараптаманы тағайындау туралы қаулыда сарапшының құзыреті-

не кірмейтін құқықтық сұрақтарды, сондай-ақ іске қатысы жоқ өзге де сұрақтарды шешу туралы міндет қойылмауға тиіс».

Заңнамада (Қылмыстық кодекстің 174-бабы) айыпталушы іс-әрекетінің нақты бағытын көрсету (... *алауыздықты қоздыруға бағытталған* ... әрекеттер-мәлімдемелер) мәтінде тікелей ниеттің болғанын анықтауды білдіреді. Сондықтан сарапшы шешіміне құқықбұзу құрамы белгілерінің мәтінде бар/жоқтығы туралы сұрақ қоюға жол берілмейді. Мұндай сұрақтар, мысалы, Алматы қаласы бойынша ПБ (ОВД) ХҚҚД-нің (ДКНБ) аға тергеушісі подполковник Р.-дің 2018 жылғы 29 тамыздағы қаулысында сараптама шешіміне қойылады: «Сөйленіс (мәлімдеме) мәтіні мен мазмұнында дінге, тапқа, ұлтқа, руға немесе нәсілге қатыстылық белгілері бойынша азаматтардың айырықшалығын, артықшылығын немесе толыққанды еместігін насихаттаумен теңдей алғанда, әлеуметтік, ұлттық, рулық, нәсілдік, таптық немесе діни алауыздықты қоздыруға бағытталған, азаматтардың ұлттық ар-намысы мен абыройын немесе діни сезімін қорлауға бағытталған сөйленістер (мәлімдемелер) бар ма?», «Мәтіндер мен олардың мазмұнында терроризмді насихаттау немесе терроризм актісін жасауға үндеу бар ма» және т.б.

Бұл сұрақтардың негізінде (сыртында) келесі сұрақтар тұрады: «сөйлеуші Х сөйленісті айтқан кезінде әлеуметтік немесе басқа бір алауыздықты қоздырғысы келді ме»? «Сөйлеуші өзінің сөзі арқылы азаматтардың ұлттық ар-намысы мен абыройын немесе діни сезімін қорлағысы келді ме?», «Сөйлеуші терроризмді насихаттағысы келді ме?» және т.б. Ниет істегі барлық дәлелдемелерді ескере отырып белгіленетіндіктен, демек, оның шешімі дәлелдеу субъектісінің айрықша құқығы болып табылатындықтан, мамандарға (сарапшыларға) осы түрдегі сұрақтарды қоюдың құқықтық өлшемге сәйкес еместігі күмансыз (қара. *сарапшы-лингвистке қойылатын сұрақтар*).

2. Сараптама тәжірибесінде зерттелінетін ақпараттық материалдардың мазмұнына сарапшы тарапынан тікелей заңгерлік баға берілу жағдайлары кеңінен таралған. Атап айтқанда, сарапшылар автордың алауыздықты қоздыру мақсатын анықтауға, мәтінде терроризмді насихаттау белгісінің бар/жоғын және т.б. өз бетінше белгілеуге міндеттенеді. Сөйтіп, сарапшы-саясаттанушы М.-нің 24.09.2018 жылғы қорытындысында («Құжаттық сот сараптамасы» жеке меншік ұйымы) оның тұжырымдары қылмыстың құқықтық саралануы түрінде рәсімделген: «Абоненттер (олардың есімдері мен телефон нөмірлері тізбектелді. – Авт.-құрастырушы) хабарламаларының мәтіндерінде

діни алауыздықты қоздыру белгілері қамтылған. Хабарламаларда (...) дінге қатыстылық белгілері бойынша азаматтардың айырықшалығын, артықшылығын немесе толыққанды еместігін насихаттау белгілері қамтылған. Сөйленістерде (...) азаматтардың діни сезімдерін қорлау белгілері қамтылған».

3. Алауыздықты қоздыру туралы істер бойынша сараптамаларды тағайындау кезінде тергеу органы сарапшыға ақпараттық материалдарға оның мамандану құзыретіне енбейтін зерттеу жүргізуді тапсыра отырып, туындаған сұрақтар шешімінде маңызды орын алатын арнаулы білімнің нақты түрін көпшілік жағдайларда дұрыс анықтамайды. Мысалы, алауыздықты қоздыру туралы іс бойынша сараптама жүргізу саясаттанушы сарапшыға жаңылыс түрде жүктеледі. Сонымен қатар, мысалы, тергеу органы тарапынан діни алауыздықты қоздыру туралы іс бойынша тек қана діни мазмұнға құрылған ақпараттық материалдарға саясаттанымдық сараптаманың тағайындалуын түсіндіру өте қиын.

Мәтіннің мазмұны оның мақсаттық бағыттылығын дәлелдейтін бірден бір дереккөз болып табылатындықтан, даулы ақпарат материалдарын зерттеу сендіру (иландыру) тілдік ықпалының риторикалық тәсілдерін талдау әдістерін игерген тіл мамандарының құзырына жатады. Сот-филологиялық (лингвистикалық) сараптама барысында мәтіннің мазмұны, автордың коммуникативтік ниеті, мәтіннің мағыналық (семантикалық) бағыттылығы зерттеледі, экстремистік әрекетті насихаттау түріндегі иландырушы (сендіруші) сөздердің бар/жоқтығы немесе экстремистік әрекеттерді жүзеге асыруға үндеудің бар/жоқтығы анықталады, экстремистік мәтін құруда пайдаланылған тілдік құралдарға баға беріледі және т.б. Экстремистік сөз сөйлеу актісін құқықтық бағалау осы таратылған ақпараттың мазмұнына байланысты және сол ақпарат мазмұнының бағасынсыз хабардың семантикалық бағыттылығын анықтау мүмкін емес, және бұл сарапшы-филолог тарапынан жүзеге асырылады. Қажет болған жағдайда сараптамалық зерттеуге міндетті түрде қатыстырылатын лингвистен бөлек басқа мамандар да тартылады (қара. *кешенді сараптама; сарапшы-лингвистің құзыреті; алауыздықты қоздыру туралы істер бойынша кешенді сараптамаға лингвистпен бірге қатысушы басқа салалар мамандарына арналған (типтік) сұрақтар*).

Қосымша анықтама: Сараптаманың «Сот сараптамасы органдары жүргізетін сот сараптамалары түрлерінің тізімінде және Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі тарапынан біліктілік берілетін

сараптамалық мамандықтардың қатарында» саясаттану сараптамасы сияқты түрі жоқ.

4. **Сараптамалық тәжірибе талдауы** құқық қолданушы органдардың да, сарапшылардың да құрылымы экстремистік әрекеттің альтернативті белгілерін қамтитын сол құқықтық нормаларды дұрыс пайдаланбайтынын көрсетеді. Оның ішінде, ақпараттық материалдан алауыздықты (өшпенділікті) қоздыру белгілерін анықтай отырып, сарапшылар, олардың ізін іле-шала тергеу органдары мен соттар санамаланған барлық альтернативті белгілерді қамтитын заң тұжырымдамасын сөзбе сөз жаңғыртып қолданады, олардың негізінде алауыздық сезімі туындауы мүмкін: әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, рулық, таптық немесе діни қатыстылық қарым-қатынастар бойынша.

Материал мазмұнын заңмен тыйым салынған насихат ретінде саралай отырып, сарапшылар мен құқық қолданушылар, әдетте, «әлеуметтік топқа, дінге, тапқа, ұлтқа, руға немесе нәсілге қатыстылық белгілері бойынша азаматтардың айырықшалығын, артықшылығын немесе толыққанды еместігін насихаттау» және т.б. деген заң тұжырымдамасын сөзбе сөз жаңғыртады. Мұндай тұжырымдамалар көптеген сараптама қорытындылары мен құқық қолданушы актілерде кездеседі.

Мұнымен қатар құқықтық нормадағы (ҚР ҚК 174 бап) «немесе», «не» жалғаулықтарының болуы, үтір арқылы мүмкін белгілердің (нәсіл, ұлттық, рулық, таптық, діни, әлеуметтік қатыстылық) санамалануы сәйкес белгілердің альтернативтілігіне куәлік етеді. Материалдарды экстремистік деп тануға олардың біреуі де жеткілікті. Бұл тұрғыда сарапшылар мен құқық қолданушыларға заңда қамтылған барлық белгілерді санамалаудың қажеті жоқ, тек сол ақпараттық материалда орын алғандарын ғана белгілеп, нақты ұлттық, нәсілдік, діни және басқа қай топ туралы сөз болып отырғанын көрсетулері керек.

Қатер (құқықта) – құқыққа қайшы тыйым салынған мінез-құлық түрі, оның астарында қауіп нысанына психологиялық қысым көрсету мақсатында қолданылатын әрекет амалы түсініледі. Қатер түрлі тәсілдер арқылы азаматтық-құқықтық нормалар құрамына енеді.

Қылмыстық құқықта қатер тұрғынжай бойынша дербес құқығына қол сұғушылық, сайлау құқығының жүзеге асырылуына немесе сайлау комиссиясының жұмысына кедергі келтіру, сайлау құжаттарын

бұрмалау, тонау, қызметтік өкілеттілігін немесе билікті асыра пайдалану және т.б. осы сияқты бірқатар сараланған қылмыстар құрамын түзуші ретінде мейлінше алуан түрлі бағаланады, сөйтіп мұндай қылмыстардың негізгі құрамы өз өзіне қол жұмсауға мәжбүр ету, зорлау, кісі өлтіру немесе денсаулыққа ауыр залал келтіру, қорқыту және тағы басқа көптеген қылмыстардан тұрады. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 174-бабы бойынша зорлық-зомбылық қауіп оқиғасының болуы жазаны ауырлатуы мүмкін.

Қатер төндірумен байланысты істер бойынша лингвистикалық сараптама жүргізу кезінде лингвист құзыретіне «Даулы сөз (сөйлеу) өнімінде қатер төндіру мәнісі қамтылған ба?» деген сұрақ енеді.

Қосымша сараптама сарапшының алдыңғы қорытындысының жеткілікті түрде түсінікті болмауына немесе толық еместігі, сондай-ақ алдыңғы зерттеу барысында жағдайға қатысты жаңа сауалдардың пайда болу себептерінен тағайындалады.

Қосымша сот сараптамасын жүргізу сол алдыңғы немесе басқа сарапшыға жүктелуі мүмкін.

Қосымша сот сараптамасын жүргізу міндетін сарапшыға жүктеу кезінде алдыңғы сот сараптамасының қорытындысы бірге ұсынылуы керек.

Егер екінші немесе рет санына қарай келесі сот сараптамасы бірнеше негіздеме бойынша тағайындалған болса, олардың біреуі ғана қосымша сараптама, ал қалғандары қайталама сараптамаға жатқызылады, ондай сараптамалар қайталама сараптама жүргізу ережелері бойынша орындалады.

Л

Лингвистикалық (филологиялық) сараптама – бұл шешімі тіл білімі (лингвистика) саласы бойынша арнаулы танымның қолданылуын қажет ететін сұрақтар бойынша қорытынды берумен аяқталатын ауызша және/немесе жазбаша мәтіннің процессуалды регламенттенген лингвистикалық зерттеуі. Лингвистикалық сараптама сараптамалық зерттеу міндеттелмейтін сараптамалар қатарына жатқызылады, алдын ала анықталған күші жоқ және істегі басқа да дәлелдемелермен қатар өзінің ішкі сендіру мүмкіндігі негізінде сот, тергеуші, тергеу органы тарапынан бағаланады.

Лингвистикалық сараптаманың мақсаттары – қара. лингвистикалық сараптама.

Лингвистикалық сараптаманың міндеттері – қара. лингвист-сарапшының құзыреті

Лингвистикалық сараптаманың нысаны – филологиялық сараптама нысандары, оның ішінде, алауыздықты қоздыру істері бойынша сараптамалар, - кез келген материалдық тасығышпен ұсынылып, лингвистикалық зерттеуге түсетіндердің барлығы – сөйлеу әрекетінің өнімдері (мәтіндер). Бұл жағдайда мәтін кеңінен түсініледі: (а) ауызша не жазбаша өнім ретінде; (ә) сөз, жекелеген сөйленіс ретінде немесе сөйленістер жиынтығы ретінде. Экстремизм туралы істер бойынша филологиялық сараптама нысаны халыққа жарияланған материалдар (мәтіндер) болады. Зерттеу нысаны таза сөз (яғни, мәтіннің өзі) түрінде де, сондай-ақ үйлестірілген түрде де болуы мүмкін. Үйлестірілген (комбинированный) мәтін вербалды (тілдік) бөлікті толықтырушы графикалық материалдарды қамтуы мүмкін: суреттер, фотосуреттер, бейне дәйектемелер және т.б., яғни құрамы, қасиеттері және т.б. жағынан әр текті, вербалды және бейвербальды бөліктерден тұрады.

Вербалды коммуникацияның қайсыбір материалдық (оның ішінде, электронды) тасығыштарда тіркелген (басылған) нәтижелері: жазбаша мәтіндер мен ауызша сөйленген сөздердің (шерулерде, телебағдарламада, кез келген шарада) жазбалары (дыбысжазба, бейнедыбысжазба), бейне- және кинофильмдер, бейнесюжеттер, кітаптар, журналдар, газеттер, брошюралар, парақшалар, плакаттар және т.б. сараптамалық зерттеуге ұсынылуы мүмкін.

Лингвоқақтығыстану (қара. заңгерлік лингвистика)

М

Маман – іске (іс барысына) мүдделі емес тұлға, өзінің арнаулы құзыретіне енетін мәселелер шешімінде дәлелдемелер жинастыру, зерттеу және оларды бағалау арқылы қылмыстық процеске қатысушыларға түсіндірудегі қажетті білімге ие, сондай-ақ ғылыми-техникалық құралдарды қолданатын тұлға. Мамандар – бұл кәсілетке толмағандардың қатысуымен бірге өтетін тергеу және басқа да процессуалдық амалдарға қатысушы педагог, психологтар, сонымен қатар сарапшы

болып тағайындалу жағдайын есептемегенде тергеу және басқа да процессуалдық амалдарға қатысушы дәрігер.

Н

Насихат және үгіт. Экстремистік сөйлеу әрекеттері үндеу, насихат және үгіт арқылы жүзеге асырылады.

«Большой толковый словарь русского языка» сөздігінде *пропаганда* / *насихат* сөзі келесі түрде түсіндіріледі:

НАСИХАТ / ПРОПАГАНДА -ы; ж. [латын тілінде propaganda – таратылуы керек нәрсе] 1. Қалың бұқара арасында немесе мамандар қауымы арасында қайсыбір идея, ілім-білімді таратып, кеңінен түсіндіру. *Ғылыми, ғылыми-техникалық н. Алкогольға қарсы н. Дене шынықтыру мен спортты насихаттау. Жаңа технология өндірісін насихаттау.* 2. Қалың бұқараға саяси немесе идеологиялық тұрғыда ықпал ету; осындай ықпал ету органдары мен құралдары. *Коммунистік н. Буржуазиялық н. Сайлауалды н. Үгіт және н. Насихат жүргізу, насихатпен айналысу.*

Аталған сөздің бұл түсіндірмелерінен кейін насихат деп қалың бұқара арасында қайсыбір идеяларды, көзқарастарды, таным-түсініктерді мақсатқа бағытталған түрде таратуды немесе қандай да бір әрекетке түрткі салуды айтуға болады. Насихаттың мақсаты ақпараттың дұрыстығына, имандылық сипатына, әділеттілігіне адресаттың көзін жеткізу, сендіру арқылы қандай да бір идея, ілім, көзқарас, ереже-қағида, мәлімдемелерді саралап түсіндіру түріндегі мақсатқа бағытталған ақпараттық ықпал ету.

Экстремистік материалдарға мазмұны жағынан экстремистік әрекетті үндеу не оны жүзеге асыру қажеттігін негіздеу және/немесе ақтау, яғни насихатты қамтитын ақпараттық материалдар жатады. Кез-келген насихат (соның ішінде экстремизмді насихаттау да) адресатты иландыруға бағытталады, *оның идеяларын, түсініктерін, ұстанымдарын өзгерту* мақсатында оған ықпал ету, яғни қорыта түсіндіргенде насихат – идеологияның белгілі бір тұлғаның құндылықтары жүйесіне, наным-сенімдері мен әлеуметтік ұстанымдарына айналу үдерісі. Насихаттың бұл түсінігінің мазмұндық белгілері – бір нәрсенің негізделуі, біреудің, бір нәрсенің ақталуы.

Үгіт насихаттың элементі бола алады, өйткені үгіттің ұғымдық-риторикалық қасиеттері көбінесе насихатқа жақын. Айырмашылық

тыңдарманға әсер ету мақсатымен байланысты. Үгіттің мақсаты - адресатқа сөйлеушінің айтқанындай әрекет ету қажеттілігі туралы ойды сіңіру, шешеннің пікірінше, нәтиженің әлеуметтік маңызды себептерімен байланысты қажетті жетістікке қол жеткізу мақсатында адресаттың әрекетіне (немесе әрекетсіздігіне) түрткі болу. Үгіттің көмегімен қайсыбір объектінің немесе құбылыс қасиеттерінің, сапасының осындай екендігі, мұнда белгілі бір түрде *әрекет етуі* қажеттігі туралы сенім адамның санасына мақсатты түрде енгізіледі. Үгіт тыңдармандардың санасына сөйлеу нысаны мен қажетті әрекеттер арасында тұрақты себеп-салдарлық байланыстың бар екені туралы ойды бекітеді.

Насихат және үгіт мақсатты себеп-салдар мәнді ұғымдық-риторикалық құрылымдардың қолданысы арқылы шешіледі. Насихаттау үдерісінде бұл келесі типтегі құрылым: *адамдар тобы бар болғандықтан...* [сөйлеу объектісінің сапалық сипаттамасы], *оған қатысты мәселе де әділетті болады ...* [адамдар тобына қарсы өшпенділік, жаулық қарым-қатынас]. Үгіт кезінде тыңдаушыларға мына типтегі мінез-құлықтың негізділігі сендіріледі: *адамдар тобы бар болғандықтан...* [сөйлеу объектісінің сапалық сипаттамасы], *оған қатысты мәселе де әділетті болады ...* [адамдар тобына зиян келтіретін іс-әрекет].

Насихаттау. Адамның айырықшалығын немесе толыққанды еместігін насихаттау – сөйленістің заңда көрсетілген топтар өкілдерінің арасында иерархия бар екеніне сенімді қалыптастыру мақсатындағы бағытын білдіреді, яғни барлық салыстырылатын топтардың өкілдерін «жоғарғы-төменгі» белгілері бойынша қарама қарсы қоя отырып, өздерінің айырықша қасиеттері арқылы басқалардан үстем танылатын топ адамдарын жақсы деп, ал басқа топ адамдарын көрінеу нашар, толыққанды емес деп бағалайды.

Насихаттау. Нәсілдік немесе ұлттық белгілеріне қарай адамның айырықшалығын, артықшылығын немесе толыққанды еместігін насихаттау – адамның ұлттық немесе нәсілдік топқа қатыстылығына қарай оның басқа бір адамнан ерекшеленетін биологиялық бейімделген қабілеттері мен белгілерінің бар екеніне сенімді қалыптастыру мақсатын көздейтін сөйленістің бағыттылығын білдіреді. Сапалы өзгешеліктердің негіздемесі түрлі нәсіл мен ұлт өкілдерін қарама-қарсы қою және нәсілдер, ұлттар,

халықтар «сапасы» иерархиясын құру мақсатында жиі қолданылады. Ұлттық немесе нәсілдік үстемдік негізделген немесе ақтап алынған ақпараттық материалдар заңда тиісінше көрсетілгендей, тіпті онда экстремистік қызметті мақұлдау ниеті көрсетілмесе де экстремистік деп танылады.

Насихаттау. Дінге қатыстылық белгілеріне қарай адамның айырықшалығын, артықшылығын немесе толыққанды еместігін насихаттау – қандай да бір діни топтың басқа діни топпен салыстырғанда ерекше қасиетке, белгіге, қабілетке ие екені туралы немесе діни топ өкілдері арасындағы басқа конфессиялармен салыстырғанда олардың жақсы (үстемдігі) немесе нашарлығы (толыққанды еместігі) тұрғысынан ажырататын қасиеттердің бар екені туралы сенім қалыптастыруға мақсатты түрде бағытталған сөйленісті білдіреді. Мұндай сапалық өзгешеліктердің негіздемесі түрлі діни конфессия өкілдерін иерархиялық өзгешелігі бойынша қарсы қоюдың әдісі ретінде пайдаланылады. Белгілі бір дін өкілдеріне жағымсыз баға беру («құдайсыздар», «адасқандар», «жұмаққа бармайды», «құдайды сатып кеткендер») тек олардың зорлық зомбылық әрекеттерді қолдайтын қатынасты қалыптастыруға немесе аталған тұлғаларға қарсы жек көру немесе жаулық қарым-қатынастарды негіздеуге я ақтауға бағытталған болса ғана экстремистік деп танылады.

Заңда «дінге деген қатынас» деп аталатын белгі бөлек қарастырылады. Осы себеппен адамның айырықшалығын, артықшылықтығын және толыққанды еместігін оның атеистік ұстанымымен байланыстырып, насихаттаған материалдар экстремистік деп танылады.

Насихаттау. Әлеуметтік қатыстылық белгілеріне қарай адамның айырықшалығын, артықшылығын немесе толыққанды еместігін насихаттау – қандай да бір әлеуметтік топ өкілдерін басқа әлеуметтік топпен салыстырғанда ерекше қасиетке, белгіге, қабілетке ие екені туралы немесе әлеуметтік топты басқа бір әлеуметтік топтармен салыстырғанда олардың жақсы (үстемдігі) немесе нашарлығы (толыққанды еместігі) тұрғысынан ажырататын қасиеттердің бар екені туралы сенім қалыптастыруға мақсатты түрде бағытталған сөйленісті білдіреді.

II

Пікір – қара. *болмыстың тілдік интерпретациясының типтері.*

Р

Ру және рулық алауыздық – ҚР ҚК 174 бап нормасы рулық алауыздықты жандандыруға байланысты жауапкершілікті қарастырады. Ру – элеуметтік қауымдастықта өзінің шығу тегін бір атадан тарататын (әке жағынан немесе шеше жағынан) қан жағынан туыстар тобын танытатын алғашқы формаларының бірі. Ру ұжымшылдық қарым-қатынас, өзара көмек беру, жалпыға бірдей жауапкершілік алу т.с.с. өзіне тән қасиеттерімен сипатталады.

Көшпелі өмір салты ерекшеліктеріне негізделетін қазақ этносына тән сипат болып оның ру-тайпалық құрылымы табылады. XX ғасырдың басына дейін қазақ этносы үш жүзге бөлінеді: Ұлы, Орта және Кіші, және олардың әрқайсысы өз іштерінен ру-тайпалық топтарға тармақталады. Мысалы, Ұлы жүз қазақтары келесі ру-тайпалық топтарға тармақталады: жалайыр, ошақты, дулат, албан, суан, қаңлы, сары-үйсін, шапырашты, сіргелі, шаңышқылы, ысты; Орта жүз қазақтары қыпшақ, арғын, найман, керей, уақ, қоңырат сияқты ру-тайпалық топтарға тармақталса; Кіші жүз қазақтары әлімұлы, байұлы және жетіру деген ірі үш ру-тайпалық бірлестіктен тұрады, олар өз кезегінде шекті, төртқара, қаракесек, қарасақал, кете, шөмекей және т.б. ажыратылады. Қазіргі уақытта XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап қазақ елін мемлекеттік басқару жүйесі территориялық ұйымдастыруға негізделсе де, қазақтың анықталған бір руға қатыстылығы ол үшін маңызды орын алады.

С

Сараптамалық зерттеу әдістемесі – сот сараптамасы пәніне қатысты деректік (факт) мәліметтерді анықтау үшін сот сараптамасы нысандарын зерттеуде қолданылатын әдістер жүйесі.

Сараптамалық зерттеу әдісі – сот сараптамасы пәніне қатысты деректік (факт) мәліметтерді анықтау үшін сот сараптамасы нысандарын зерттеуде қолданылатын логикалық және (немесе) инструменталдық операциялар (тәсілдер, амалдар) жүйесі.

Сараптама қорытындысын рәсімдеу – қара. *сарапшы қорытындысы*

Сараптаманың тағайындалуы – іс шешімі үшін маңызды жағдай материалдарға сарапшы тарапынан арнаулы ғылыми білім негізінде жүргізілген зерттеулер нәтижесінде анықталатын болғанда сараптама тағайындалады. Қылмыстық іс жүргізу үдерісіне қатысушы басқа тұлғалардың бұл сияқты білімдерінің болуы қылмыстық үдерісті жүргізуші тұлғаны сәйкес жағдайларда сараптама тағайындау қажеттілігі міндетінен босатпайды.

Қылмыстық істі жүргізуші орган сот сараптамасын тағайындау қажетті деп тапса, тергеуші сот бұл туралы қаулы шығарады, қаулыда сараптаманы тағайындаушы органның атауы; сараптаманың тағайындалған уақыты мен орны; сараптаманың түрі; сараптаманың тағайындалу негіздемесі; сараптамаға ұсынылатын нысандар; және олардың дереккөздері (шығу тегі) туралы ақпарат; сонымен қатар көрсетілген нысандардың толықтай немесе жартылай жойылу мүмкіндігі туралы рұқсат, зерттеу барысында нысандардың сыртқы түрлерінің немесе басты қасиеттерінің өзгеру жағдайлары; сот сараптамасы органының атауы және (немесе) сот сараптамасын жүргізу ісі тапсырылған адамның аты-жөні (оның бар болған жағдайында) көрсетіледі.

Сараптаманың тағайындалуы сәйкес процессуалдық заңнама саласының (қылмыстық, азаматтық, әкімшіліктік үдерістер) нормаларымен реттеледі. Процессуалдық нормаларға сәйкес сараптамалық зерттеуді тағайындау міндетті және міндетті емес деген түрлерге бөлінеді.

Сараптаманың тағайындалуы міндетті болатын жағдайлар тізімі ҚР Қылмыстық іс жүргізу кодексінде көрсетілген (271 бап). Қалған басқа жағдайларда, егер сараптама тағайындауға құқықтық өкілетті тұлға немесе орган (тергеуші, сот, жауап алушы) жаңа дәлелдемелер алу мақсатында арнаулы ғылыми білімге ие тұлғаларды (сарапшыларды) іске тарту қажетті деп тапқан жағдайда тағайындалады.

Сот-филологиялық сараптама міндетті емес сараптамалар қатарына жатқызылады, алайда тәжірибе жүзінде нақтылы істер категори-яларында сараптамалар дәстүрлі түрде тағайындалып жүр. Сөйтіп, мысалы, ҚР Жоғарғы Сотының 2017 жылғы 8 желтоқсандағы № 11 «Террористік және экстремистік қылмыстар туралы заңнаманы қолдану бойынша сот практикасының кейбір мәселелері туралы» нормативтік қаулысында экстремистік құрамды істер бойынша сот-фило-

логиялық сараптамасын жүргізу мүмкіндігі нақты заңды бекітілген болып шығады: «20. Терроризмге және экстремизмге байланысты істерді сотқа дейін тергеп-тексеру және соттардың қарауы кезінде арнайы білімдер пайдаланылуы мүмкін екендігі түсіндірілсін. Қажет болған жағдайда материалдардың террористікке және (немесе) экстремистікке жататынын, сонымен қатар қылмыстық құқық бұзушы субъектілердің, әсіресе ақыл-есі кем кәмелетке толмағандардың психикалық даму деңгейін және таралатын материалдардың мәнін террористік және (немесе) экстремистік ретінде түсіну қабілетін анықтау үшін тиісті сараптамалар тағайындалып, жүргізілуі мүмкін» (авт.-құрастырушы тарапынан бөлініп көрсетілді).

Бүгінгі күні экстремистік әрекет үшін айыптау, сонымен қатар әлеуметтік, нәсілдік, діни, ұлттық және таптық алауыздықты қоздыру (ҚР ҚК 174-бап) үшін айыптау істері бойынша сот-филологиялық сараптама басым жағдайларда тағайындалады.

Сарапшыға қойылатын сұрақтар

Сарапшы-лингвистке қойылатын сұрақтар – мәселенің мәнісіне қатысты іс шешімінде қажетті деректерді айқындауға бағытталған сөйленістер; сарапшының филологиялық сараптама жүргізу барысында орындауы қажет тапсырмалардың тұжырымдамасы.

Алауыздықты қоздыру туралы істер бойынша ақпараттарға сараптамалық зерттеу жүргізу үшін сарапшыға келесі түрдегі сұрақтар қоюға кеңес беріледі: сұрақтар олардың ақпараттық материалдардың аса маңызды мағыналық ерекшеліктерін құжатпен бекітулеріне және таратылған ақпараттың сипаты туралы бірмәнді тұжырым жасауларына мүмкіндік беретін болуы тиіс.

Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 174-бабында қарастырылған қылмыстар бойынша іс жүргізу.

Ақпаратқа оның мазмұнында әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, рулық және діни алауыздықты қоздыру белгілерінің қамтылуына қатысты зерттеу.

Сарапшыға (маманға) қойылатын сұрақтар:

1) Зерттеуге ұсынылған материалдарда адамдардың әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, рулық немесе діни қатыстылығына қарай оларға қарсы агрессивті, зорлық-зомбылық әрекеттерді жүзеге асыруға бағытталған үндеулер бар ма ?

2)* Зерттеуге ұсынылған материалдарда әлеуметтік, нәсілдік,

ұлттық, рулық немесе діни белгілері бойынша ерекшеленетін адамдарға қатысты жаулық немесе жеккөрушілік қарым-қатынас қажеттігін негіздейтін я ақтайтын белгілер бар ма ?

3)* Зерттеуге ұсынылған материалдарда адамдардың әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, рулық немесе діни қатыстылығына қарай оларға қарсы агрессивті, зорлық-зомбылық әрекеттерді жүзеге асыру қажеттігін негіздейтін я ақтайтын белгілер бар ма ?

4)* Зерттеуге ұсынылған материалдарда қайсыбір әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, рулық немесе діни топтың барлық өкілдерін осы сияқты басқа топтардың өкілдеріне залал келтіру ниеттерінің болуы тұрғысынан айыптау қамтылған ба ?

5) Зерттеуге ұсынылған материалдарда әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, рулық немесе діни топтың барлық өкілдерін осы сияқты басқа топтардың өкілдеріне залал келтіруге бағытталған әрекеттері тұрғысынан айыптау қамтылған ба ?

6) Зерттеуге ұсынылған материалдарда қайсыбір әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, рулық немесе діни топ мүддесінің осы сияқты басқа топ мүддесімен қарама-қайшылығы және үйлесімсіздігі туралы пікірдің негіздемесі қамтылған ба?

7) Зерттеуге ұсынылған материалдарда әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, рулық немесе діни топтардың жекелеген өкілдерінің әрекеттері үшін соларды жатқызуға болатын тұтас этникалық немесе конфессиялық топ адамдарына жауапкершілік жүктеу қамтылған ба?

8) Зерттеуге ұсынылған материалдарда адамдардың әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, рулық, тектік-топтық немесе діни қатыстылығына қарай оларға қарсы агрессивті, зорлық-зомбылықты әрекеттерді жасау туралы қоқан-лоқы бар ма?

Ескертпе: * таңбасымен белгіленген сұрақтар ақпаратқа оның мазмұнында әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, рулық және діни алауыздықты қоздыру белгілерінің қамтылуына қатысты зерттеу жүргізу кезінде міндетті болып табылады.

2. Ақпаратқа оның мазмұнында адамдардың әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, рулық, тектік-топтық немесе діни қатыстылық белгілеріне қарай олардың айрықшалығы, артықшылығы не толыққанды еместігін насихаттау белгілерінің қамтылуымен байланысты зерттеу.

Сарапшыға (маманға) қойылатын сұрақтар:

1)* Зерттеуге ұсынылған материалдарда адамдардың әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, рулық, тектік-топтық немесе діни қатыстылығына

қарай олардың биологиялық немесе жаратылысынан (табиғи) айрықшалығы, артықшылығы не толыққанды еместігі туралы тұжырымдар қамтылған ба?

2) Зерттеуге ұсынылған материалдарда адамдардың әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, рулық, тектік-топтық немесе діни қатыстылығына қарай олардың топтарына теңсіздік орнату және кемсітушілік қажеттігін негіздейтін немесе ақтайтын үндеулер қамтылған ба?

3. Ақпаратқа оның мазмұнында азаматтардың ұлттық намысы мен қадір-қасиетін немесе діни сезімдерін қорлау (төмендету) белгілерінің қамтылуымен байланысты зерттеу.

Сарапшыға (мамандыққа) қойылатын сұрақтар:

1)* Зерттеуге ұсынылған материалдарда қайсыбір әлеуметтік топқа қатыстылығымен теңдей алғанда, ұлттық белгілері бойынша ерекшеленетін тұлғаларды қорлайтын немесе төмендететін мінездемелері қамтылған ба?

2)* Зерттеуге ұсынылған материалдарда кез келген адамның әлеуметтік, нәсілдік, діни немесе тілдік қатыстылығына байланысты оның толыққанды еместігін немесе кемістігін насихаттайтын, қадір-қасиетін төмендететін қорлау сөздері қамтылған ба?

Кешенді сараптама жүргізуге лингвистермен қатар қатысатын басқа да мамандарға арналған (типтік) сұрақтар

– Лингвистің міндетті түрде қатысуы талап етілетін сараптамалық зерттеуге қажет болған жағдайда онымен бірге басқа да мамандар тартылуы мүмкін (қара. *кешенді сараптама*). Сөйтіп, көркем туынды ретінде танылатын ақпараттық материалдардың заңгерлік және филологиялық бағалары елеулі ерекшеліктерге ие, сондықтан олардың талдауы үшін әдебиеттану саласы бойынша мамандандырылған филологты тартуға кеңес беріледі.

Вербалды экстремизм белгілеріне ие ақпарат ғылыми зерттеу нәтижелері түрінде танылатын материалдарда қамтылуы мүмкін. Бұл этникааралық және діниаралық қақтығыстар мәселелерінің тарих, этнография, қақтығыстану салаларында талдануымен байланысты; терроризм себептері криминолог, психолог, әлеуметтанушы мамандар тарапынан қарастырылуы мүмкін; адам нәсілінің шығу тегі мәселелерін антропологтар, генетиктер т.б. зерттеуі мүмкін. Мұндай жарияланымдарда, әдетте, сол немесе басқа нәсілдік, ұлттық, діни топтар туралы деректік мәліметтер келтірілетіндіктен, бұл жағдайда жалпы

ережелер әрекет етеді: деректік мәліметтердің шынайы болмысқа сәйкес келуі жағдайында басымдық ақпаратты тарату еркіндігіне берілуі тиіс. Деректердің шынайы болмысқа сәйкестілігін анықтау үшін көрсетілген ғылым салаларының мамандары іске тартыла алады.

Діни сипаттағы мәтіндер басым жағдайда лингвистикалық талдаумен қатар арнаулы дінтану саласы бойынша білімді талап етеді.

Бейвербалды құралдардың пайдаланылуы жағдайында өнертану саласы бойынша білімнің талап етілуі мүмкін.

Басқа сала мамандарына қойылатын сұрақтар:

1) Жарияланымдағы ... туралы келтірілген деректік мәліметтер (*мәтін үзіндісі келтіріледі*) (тарих, дінтану, антропология, генетика, психология және т.б.) ғылым саласының мәліметтеріне сәйкес келе ме?

2) Берілген мәліметтер осы жарияланымда бірінші рет айтылған ба немесе олар ғылыми әдебиетте бұрын сипатталып қойған ба?

3) (Автор көрсетіледі) ... -ға тиесілі (*мәтін үзіндісі келтіріледі*) сөйленістің дәйексөзге алынуы әділетті болып табыла ма?

4) Жарияланымдағы ... туралы келтірілген мәліметтерді (*мәтін үзіндісі келтіріледі*) растайтын объективті дәлелдемелер бар ма?

5) Жарияланым авторы тарапынан жасалған мәлімдемелер мен тұжырымдар (*мәтін үзіндісі келтіріледі*) сәйкес ғылым саласында қабылданған қайсыбір көзқарастармен үндесе ме?

6) Жарияланымда келтірілген деректердің (мәліметтердің) теориялық негіздемесі бар ма?

Сарапшы-лингвистің құзыреті – лингвистикалық танымды пайдалана отырып, шешуге болатын шиеленісті жағдаяттар өрісі. Құқыққа қайшы реттегі сөйлеу әрекеттерін заңгерлік саралау даулы материалдар мазмұнының бағасына негізделуі тиіс. Сондықтан филологиялық сараптаманың дәстүрлі міндеттеріне сөйлеу әрекетін талдау және мәтін мазмұнын анықтау жатады.

Алауыздықты қоздыру туралы істер бойынша сот-филологиялық сараптама жүргізу кезінде сараптама нысаны (сөйлеу әрекетінің өнімі) өздерінде заңмен тыйым салынған насихаттық немесе үгіттік сөйлеу әрекеттеріне тән белгілердің қамтылуы тұрғысынан бағаланады. Заңгерлік бағалауда зерттелетін сөйленістердің идеялық-мағыналық бағыттылығын тауып, белгілеу басты мәселе болып табылады. Мәтіннің мазмұны оның мақсаттық бағыттылығын дәлелдейтін бірден бір дереккөз болып табылатындықтан, даулы

ақпарат материалдарын зерттеу иландыру (сендіру) ықпалының риторикалық тәсілдерін талдау әдістерін игерген тіл мамандарының құзырына жатады. Сөйлеу әрекеттерінің мақсаттық бағыттылығы тікелей тыңдармандардың пікіріне коммуникативтік ықпалдың ұғымдық-семантикалық тұрғыдан білдірілуі негізінде анықталады, яғни мәтіннің мақсаттық бағыттылығында тыңдармандар санасында анықталған ойлау нәтижелерін қалыптастыру ниетінің бар болуы. Сарапшының объективті әрі дәлелді түрде шешуі тиіс негізгі мәселесі мәтін арқылы тыңдарманға құқыққа қайшы экстремистік сипаттағы моралдық-құлықтық ықпалдың толықтай жүзеге асырылуын анықтауда жатыр. Бұл орайда сарапшы міндетіне адамдардың этникалық, конфессиялық және осы сияқты белгілері бойынша бөлінетін әлеуметтік топтарына мәтіннің әлеуетті ықпал ету күшін анықтау енбейді. Ақпараттың мазмұнына талдау жасау арқылы оның аудиторияға ықпалының шынайы, нақты бағасын беру әрдайым болжамдық, ықтималдық сипатқа ие, өйткені сол бір ғана мәтін түрлі оқырман категориялары тарапынан әртүрлі қабылдана алады. Сондықтан ақпараттың адресатқа шынайы, нақты ықпалын зерттеу үшін әлеуметтік сұрастырым жүргізу қажет.

Шешілуі тиіс сараптамалық міндеттердің ерекшеліктеріне байланысты сарапшы мәтіннің коммуникативтік-риторикалық құрылымы туралы өз тұжырымдарын ғылыми негіздеуге және мәтінде пайдаланылған дәлел, дәйектердің мазмұны бойынша коммуникативтік міндеттер мен мәлімдемелердің мақсаттық бағдарын анықтауға мүмкіндік беретін лингвистикалық талдау әдістерін игеруі керек.

Сарапшылар мәтінде (жазбаша немесе ауызша) көрініс таппаған жағдайларды анықтамайды. Сарапшылардың құзыретіне іс-әрекетті, қылмысты заңдық (құқықтық) саралау (мысалы, алауыздықты қоздыру), пиғыл-ниетті анықтау, құқық бұзушылықтың мотивін (себептерін) анықтау енбейді.

Сондықтан тек соттың айрықша құзыретіне жатқызылған құқықтық сипаттағы мәселелерді сарапшының алдына тартуға болмайды.

Қайсыбір жағдайларда сараптамалық зерттеулерге басқа да мамандар тартылуы мүмкін. Сөйтіп, көркем шығарма тұрғысынан танылатын ақпараттық материалдардың құқықтық және филологиялық бағалануы елеулі ерекшеліктерге ие, сондықтан оларды талдауда әдебиеттану саласы бойынша маманданған филологтың жұмысқа тартылуына кеңес беріледі.

Экстремизм белгілері бар ақпараттар *ғылыми зерттеулердің* нәтижелерін көрсететін материалдарда қамтылуы мүмкін. Бұл этносаралық және діниаралық қақтығыстар мәселелерінің тарихта, философияда, этнографияда, қақтығыстануда талдануымен байланысты; терроризмнің себептерін криминологтар, психологтар, социологтар зерттей алады; антропологтар, генетиктер және т.б. адамзат нәсілдерінің шығу тегі туралы мәселені қарастырады. Осындай басылымдарда, әдетте, әртүрлі нәсілдік, ұлттық және діни топтар туралы деректі мәліметтер келтіріледі, өйткені мұнда жалпы ереже әрекет етеді: деректі мәліметтердің шынайы болмысқа сәйкестігі жағдайында ақпарат тарату бостандығына басымдық берілуі керек. Деректердің (фактілердің) шынайы болмысқа сәйкестігін анықтау үшін көрсетілген ғылым салаларының мамандары іске тартылуы мүмкін.

Діни сипаттағы мәтіндер лингвистикалық талдаумен қатар, арнайы діни білімді көпшілік жағдайда талап етеді. Бейвербалды (тілдік емес) емес құралдар пайдаланылған кезде, өнертану саласы бойынша білім қажет етілуі мүмкін.

Сарапшының қорытындысы – Қазақстан Республикасы заңнамасы талаптарына сәйкес рәсімделген сот-сараптамалық зерттеу барысы мен нәтижелері көрініс тапқан жазбаша құжат.

Зерттеу нәтижелері бойынша сот сарапшысы (сот сарапшылары) өз атынан қорытынды құрастырады, оны өз қолы мен жеке мөрі арқылы куәландырады. Сот сараптамасы органы тарапынан сот сараптамасы жүргізілген жағдайда сот сарапшысының (сот сарапшыларының) қолы көрсетілген органның мөрі арқылы расталады.

«Қазақстан Республикасындағы сот-сараптама қызметі туралы» 39-бап сарапшы қорытындысының мазмұнын белгілейді.

Сарапшының қорытындысында: оның рәсімделген күні, сот сараптамасын жүргізудің мерзімдері мен орны; сот сараптамасын жүргізудің негіздері; сот сараптамасын тағайындаған орган (адам) туралы мәліметтер; сот сараптамасын жүргізу тапсырылған сот сараптамасы органы және (немесе) сот сарапшысы (сот сарапшылары) туралы мәліметтер (тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болған жағдайда), білімі, сарапшылық мамандығы, мамандығы бойынша жұмыс өтілі, ғылыми дәрежесі және ғылыми атағы, атқаратын лауазымы); көрінеу жалған қорытынды бергені үшін жауаптылық туралы ескертілгенін сот сарапшысының (сот сарапшыларының) қойылған қолымен куәланды-

рылған белгі; сот сарапшысының (сот сарапшыларының) алдына қойылған мәселелер; сот сараптамасын жүргізу кезінде сол жерде болған процеске қатысушылар туралы және олар берген түсіндірмелер туралы мәліметтер; зерттеу объектілері, олардың жай-күйі, орамасы, мөрмен бекемделуі, куәгерлердің қатысуы кезінде олардың қойылған қолдарымен растау; қолданылған әдістемелерді көрсету және зерттеулердің мазмұны мен нәтижелері; жүргізілген зерттеулердің нәтижелерін бағалау, сот сарапшысының (сот сарапшыларының) алдына қойылған мәселелер бойынша түйіндердің негіздемесі және тұжырымы көрсетілуге тиіс.

Егер көрсетілген мән-жайлар зерттеу барысында анықталған болса, сарапшының қорытындысында қойылған барлық сұрақтарға немесе олардың кейбіреуіне жауап қайтару мүмкін еместігінің негіздемесі қамтылуға тиіс.

Егер сот сараптамасын тағайындау туралы қаулыда, ұйғарымда көрсетілген мәселелердің бірі бойынша сот сарапшысы қорытынды берсе, ал басқалары бойынша қорытынды беру мүмкін еместігі туралы хабарламаны жасау үшін негіздемелер бар болса, ол бірыңғай құжат – сарапшының қорытындысын жасайды.

Сот сараптамасы – іс шешімінде маңызы бар деректік (факт) мәліметтерді анықтау мақсатында арнаулы ғылыми білім негізінде қылмыстық, азаматтық істерге не әкімшіліктік құқық бұзушылық туралы істерге жүргізілетін зерттеу.

Сот сараптамасының пәні – қылмыстық, азаматтық істер шешімінде маңызы бар деректік (фактілік) мәліметтер немесе сот сараптамасын жүргізу арқылы анықталатын әкімшіліктік құқық бұзушылық туралы істер.

Алауыздықты қоздыру туралы істер бойынша сот-филологиялық сараптамасының пәні ойлау мазмұнын жеткізетін тілдік құралдар болып табылады, олардың көмегімен сөйлеуші тарапынан әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, рулық, таптық немесе діни қатыстылық белілеріне қарай адамға жек көрушілік қарым-қатынасты насихаттауға бағытталған, көрсетілген топтық қатыстылығына байланысты адамға (азаматтарға) қарсы зорлық әрекеттеріне үгіттеуге бағытталған міндеттер мен мақсаттық ұстанымдар жүзеге асырылады.

Сот сарапшысы – іске (іс барысына) мүдделі емес тұлға, сот са-

раптамасын жүргізу тапсырмасы жүктелген, арнаулы ғылыми білімі бар және заңмен бекітілген басқа да талаптарға сай тұлға.

Сот сараптамасын жүргізу тапсырмасы жүктелуі мүмкін: 1) сот сараптамасы органдарының қызметкерлеріне; 2) лицензия негіздемесінде сот-сарапшылық қызметімен айналысушы жеке тұлғаларға; 3) келесі жағдайларда бір реттік тәртіппен басқа тұлғаларға:

- Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі тарапынан бекітілген сот сараптамалары түрлерінің тізімінде қарастырылмаған сот сараптамасын тағайындау;

- сот сараптамасы органдарының қызметкерлері болып табылатын сәйкес мамандықтың сот сарапшыларына, сондай-ақ лицензия негіздемесінде сот-сарапшылық қызметімен айналысушы жеке тұлғаларға білдірілген уәжді қарсылықты қанағаттандыру не сот сараптамасы органын тұтастай сот сараптамасын жүргізуден уәжді шеттетілуін қанағаттандыру;

- шет мемлекеттерден сот сарапшысын іске тарту.

Сот сарапшысы келесі біліктілік талаптарына сәйкес келуі керек: жоғары білімі болуы керек; анықталған сот сараптамасы түрін жүргізу құқығына біліктілігін растайтын куәлігі бар сот сарапшысы біліктілігіне ие болуы керек; аттестатаудан өткен болуы тиіс.

Сот сарапшысы бола алмайтын тұлғалар: сот тарапынан іске қабілетсіз немесе шектеулі қабілетті деп танылғандар; бекітілген заң тәртібімен соттылығы өтелмеген немесе кешірілмеген сотты болғандар; сотталушылар немесе айыптылығы анықталмау негіздемесінде қылмыс жасағаны үшін қылмыстық жауапкершіліктен босатылғандар.

Т

Тап – бұл мұрамен қалдырылған құқықтары мен міндеттемелері заңымен бекітілген әлеуметтік топ (феодалдық қоғамның таптық бөлінуі негізінде нық қалыптасқан). ҚР ҚК 174-бап таптық алауыздық қоздырғаны үшін жауапкершілік қарастырады. Тапқа бөліну төңкеріске дейінгі Ресейге және Еуропаға (дворяндық, діни қауым, шаруа, мещандық, буржуа және т.б.) тән болды. Қазақстанда қоғамының тапқа бөлінуі орын алмаған, барлық азаматтар бірдей құқықтар мен міндеттемелерге ие.

Тұжырым сарапшының өзіне ұсынылған дереккөз мәліметтері мен сәйкес білім саласының ғылыми қағидалары негізінде жүргізіл-

ген зерттеулері бойынша жасалған ойтүйінін танытады. Сарапшының тұжырымы келесі принциптерге (ұстанымдарға) сәйкес келуі тиіс: 1) біліктілік принципі, бұл өз шешімі барысында арнаулы ғылыми білімді талап етпейтін сұрақтар сарапшыға қойылмауы керек және оның тарапынан шешілмеуі керек дегенді білдіреді; 2) анық, айқындылық принципі түрліше түсінуге мүмкіндік беретін екімәнді тұжырымдарға жол бермеуді білдіреді; 3) қол жетімділік принципі.

Сарапшының тарапынан шешілетін міндеттердің деңгейіне қарай тұжырымдар диагностикалық (объектінің сипаты мен жағдайы туралы қорытынды), жіктеу (объектінің қайсыбір класқа жататындығын анықтау), сәйкестендіру (нысандардың индивидуалдық бірдейлігін анықтау), ситуациялық (оқиғаның механизмі туралы қорытынды) болып жіктеледі.

Мәлімдемені растау дәрежесі бойынша тұжырымдар категориялық және болжалды болуы мүмкін. Зерттеу нәтижелері оны толықтай растаған кезде сарапшы категориялық қорытынды береді. Болжалды тұжырым сарапшы тарапынан белгіленген деректің ықтималдық деңгейі жоғары болған жағдайда жасалады. Бұл – сарапшының ақылға қонымды жорамалы.

Белгіленген дерекке қатысты тұжырымдар оң немесе теріс болуы мүмкін. Оң тұжырым деректің барын, ал теріс тұжырым деректің жоқтығын білдіреді.

Тергеу және оның негіздемесі арасындағы қатынастардың сипатына қарай тұжырымдар шартты және шартсыз болып бөлінеді. Шартты тұжырымда оның ақиқаты қандай да бір жағдайға тәуелді, соған байланысты анықталады. Шартсыз тұжырымда қандай да бір шарт қойылмайды.

Ұ

Ұлттық намыс – халықтың (ұлыстың) ақыл-өнегелік құндылығын бағалау. Ол қандай да бір халықтың көпұлтты қоғамдастықтағы рөлінің мойындалуы, тарихи үдеріске, қоғамның мәдени дамуына қосқан үлесіне негізделеді. Ұлттық намыстың ең қатты қорғалатын атрибутына ана тілі жатады. Ұлттық намыс халықтың өзіндік ерекшелігін көрсетудің ерекше түрі болғандықтан өзге халықтармен байланыс барысында әр халық ұлттық намыс негізінде өз мүддесін қорғайды.

Ү

Үндеу қылмыстық құқық термині ретінде – жария түрде айтылған немесе таратылатын ақпараттық материалда көрініс тапқан, жеке тұлғаны анықталған құқыққа қарсы әрекетке итермелеу мақсатында оның санасына, еркіне және мінез-құлқына әсер ететін үндеу.

Үндеу ҚР ҚК-нің құқық бұзушылықпен, оның ішінде, экстремизммен байланысты сөйлеу әрекеттеріне қатысы барлық дерлік баптардың ережелерінде айтылады (бұлар: 161-бап «Басқыншылық соғысты тұтандыруға насихат жүргізу немесе жария түрде шақыру», 179-бап «Билікті басып алуды немесе ұстап тұруды насихаттау немесе оған жария түрде шақыру, сол сияқты билікті басып алу немесе ұстап тұру не Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысын күштеп өзгерту», 180-бап «Сепаратистік әрекет», 256-бап («Терроризмді насихаттау немесе терроризм актісін жасауға жария түрде шақыру»), сондай-ақ алауыздықты жандандыру белгіленген ҚР Заңы 1-бап «Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы».

Үндеу ашық және жасырын деп бөлінеді; ашық үндеулер, өз кезегінде, тура және жанама болып тармақталады.

Әрекетке түрткі болу аз немесе кем дәрежеде эксплицитті, ашық түрде білдірілуі мүмкін, яғни түрлі дәрежеде имплицитті, жасырын түрде және бұл үндеудің бар / жоқтығын талдауда басты қиындықтарды тудырады. **Ашық** үндеу деп түрткі салу тілдік тұрғыдан (вербалды) ашық айтылған үндеуді атайды.

Көрсетілген нормаларды ескере отырып, нақты бір сөйлеу әрекеті «экстремистік» үндеу деп танылуы үшін, ол жалпы түрде келесі лингвистикалық белгілерге ие болуы керек (үндеу моделі: **А–Ә–О–И**) (мысалы: *Орыстар, кавказдықтарды базардан қуыңдар !*):

1) сөйленісте тілдік (*вербалды*) *императивтің болуы* (И);

2) сөйленісте *әрекетті жасау тәсілінің образы* болуы: түрткі салу әрекеті (Ә);

3) сөйленісте *әрекет нысанының образының* болуы: нені жасауға үндеп жатыр (О);

4) сөйленісте *адресат образының* болуы: әрекетті кім орындауы керек, кімді үндеп отыр (А).

А–Ә–О–И моделі бойынша құралған үндеулер тура үндеулер деп аталады. **Тура үндеу** – бұл адам мінез-құлқына сөз арқылы ашық ықпал ету формасы; лингвистикалық көзқарас тұрғысынан, тура үндеуге бұйрық рай формасындағы етістігі бар немесе сол бұйрық фор-

масына эквивалентті тілдік құралдар қамтылған сөз құрылымдары жатады (вербалды императив).

Жоғарыда айтылған барлық төрт компонент эксплицитті жүзеге асырылған үндеу оны көрсетілген заңдар терминдеріндегі үндеу ретінде бағалауға сөзсіз мүмкіндік береді.

Жанама үндеу (сөздің кең мағынасында) вербалды (етістікті) императивтің қолданылуынсыз ашық түрткі салу формасын танытады, ол (вербалды императив) бұл жағдайда жұмсартылған ерік-қалауға алмастырылады, ол келесі түрде білдіріледі:

а) сұрақ-ұсыным (рекомендация) (*Күресті бастауға тұрады емес пе?*),

б) міндеттеу типіндегі семантикаға ие сөздер арқылы әрекеттің қажеттілігін тұжырымдау, мысалы, инфинитивпен тіркестегі *«керек (тиісті)»*, *«қажет»*, *«тиісті»*, *«міндетті»*, *«талап етіледі»*, *«қажет етіледі»* (*Қазақтар, біз жер үшін күресуіміз керек!*);

в) кеңейтілген айғақтама (аргументация) ретінде білдіріліген әрекеттің негіздемесі, қайсыбір әрекеттің дұрыстығы немесе дер кезі екендігі туралы қарапайым нұсқау негіздемесі арқылы (*Бұл бассыздықты тоқтату сәті туды*).

Жанама үндеулер ҚР ҚК-тің 174-бабы терминдерінде бағалана алады. Орнықты құқықтық бағалау үшін үндеу әрекетті жасау (орындау) амалының эксплициттелген (ашық білдірілген) образын (Ә компоненті) және әрекет нысанының образын (О компоненті) қамтуы керек. Әрекетті жасау (орындау) амалының эксплициттенбеуі және нысан образы, яғни Ә және/немесе О копоненттерінің «түсіп қалуы» үндеу сөйленісінің орнықты құқықтық бағалануына мүмкіндік бермейді, өйткені негізделінетін әрекеттің (әрекет нақтыланбаған) экстремистік сипаты туралы тұжырымға негіздеме жоқ және/немесе айқындалмаған нысанның экстремистік сипаты көрініс таппаған (нәсіл, ұлт, әлеуметтік топ, ру және т.б.).

Сөйтіп, тура және жанама үндеулердің барлық типтерінде айырмашылықтар бола тұра сөйленіс құрылымы жағынан да, түрлендіру парадигмасы құрылымы жағынан да ұқсастықтар көрініс береді.

Тура және жанама үндеулер ашық үндеу ретінде жасырын үндеуге қарама-қарсы қойылады.

«Жасырын үндеу» терминімен үндеуді білдірудің тікелей емес, имплицитті тілдік тәсілін белгілейді. Сот тәжірибесінде автор тарапынан адресатқа жүгіну, оған қарата сөйлемейтін, тыңдаушының бір нәрсе жасауына түрткі болатындай қалауы туралы айтылмайтын мәтіндер-

мен жиі бетпе бет келу жағдайы кездеседі; алайда автор тарапынан жасалған мәтін, сарапшының пікірінше, тыңдарманды анықталған әрекетті жасауына, соны жасау ниетінің пайда болуына түрткі бола алады; сарапшы, мұнымен бірге, автор нақ сол түрткі салу ықпалына есептеп өз мәтінін құрды деп санайды. Мұндай типтегі мәтіндер қандай да бір әрекетке итермейлейтін, арандататын, адресатта әрекет ету ниетінің немесе әрекет ету қажеттілігі сезімін тудыруға бағытталатын ақпаратты қамтиды. Мұндай түрдегі мәтіндерді тура және жанама ашық үндеуге қарсы қойылған жасырын үндеу деп атайды.

Мұнымен бірге экстремистік әрекетке ашық үндеу ҚК-тің жоғарыда көрсетілген баптары бойынша жария түрде шақыру, үндеу ретінде сараланады; ал агрессивті әрекеттердің қажеттілігін негіздейтін және/немесе ақтайтын жанама және жасырын үндеулерді қамтитын мәтіндер алауыздықты қоздыратын үндеу ретінде сараланады. Ақпараттық материалдарға сараптамалық зерттеу жүргізу кезінде «жанама үндеу», «жанама түрткі салу» терминдерінің орнына «әрекет ету қажеттігін негіздеу», «әрекет ету қажеттігін ақтау» қалыптамаларын пайдалану керек. «Жасырын үндеуге» келетін болсақ, егер талданылып отырған материалда қамтылатын сөйленістер материал авторы тарапынан басқа сөйленістер мәнмәтінінде үндеу ретінде пайдаланылған болса, мәтіннің мақсаттық бағыттылығын сипаттауға мүмкіндік беретін сол және басқа да үзінділерді сөзбе сөз келтіру керек. Осыдан кейін сәйкес сөйленістерді (мәлімдемелерді) үндеуді білдіретін формалды құралдарды қамтитын сөйленістер ретінде саралауға болады («жасырын» анықтамасын бермей).

Ф

Филологиялық сараптама мақсаттары – қара. *лингвистикалық сараптама*.

Э

Экстремистік материалдар – «7) экстремистік әрекеттердің белгілерін және (немесе) оны жүзеге асыруға үндеуді қамтитын не оларды жасау қажеттігін негіздейтін немесе ақтайтын кез келген ақпараттық материалдар (ҚР Заңы 1-бап «Экстремизмге қарсы тұру туралы»).

ҚР ҚК 174-бабында қарастырылған әрекеттер «Экстремизмге қар-

сы тұру туралы» заң арналған экстремистік қылмыстар қатарына жатады. Бұл заң экстремизм ұғымдары мен түрлерін анықтайды, оларға басқалармен қатар әлеуметтік, таптық алауыздықты жандандыру (саяси экстремизм); нәсілдік, ұлттық және рулық алауыздықты жандандыру (ұлттық экстремизм); діни өшпенділікті немесе алауыздықты жандандыру (діни экстремизм) жатады.

Жоғарыда келтірілген экстремистік материалдардың анықтаамасында ҚР ҚК 174-бабында жауапкершілік қарастырылған сөйлеу әрекеттері көрсетілген. Сөйтіп, ақпараттық материалдарды экстремистік деп тану үшін олар, ең алдымен, таратылған материалдарда заңда көрсетілген мақсаттық бағыттылықты көздейтін ақпараттың бар екенін білдіретіні туралы мазмұндық өлшемге (критерий) сәйкес келуі керек.

Егер ақпарат мазмұны жағынан экстремистік әрекетке байланысты оң (қолдайтын) қарым-қатынасты қалыптастыруға бағытталған болса, онда олар экстремистік материалдар болып танылады. Заң оң (қолдайтын) қарым-қатынасты білдірудің үш түрлі жолын ажыратады: 1) *«экстремистік әрекетке үндеу»*; 2) *«экстремистік әрекеттің қажеттігін негіздеу»*; 3) *«экстремистік әрекеттің қажеттігін ақтау»*. Бұл белгі (яғни, экстремистік әрекетке байланысты оң (қолдайтын) қарым-қатынасты оған үндеу, оны негіздеу немесе ақтау формасында қалыптастыру) экстремистік сөйлеу әрекетін сөз бостандығын және бұқаралық ақпарат еркіндігін шектен тыс пайдаланудың басқа да формаларынан ажыратуға мүмкіндік береді, сонымен қатар осы бостандықтарды құқыққа сыйымды пайдаланудан ажыратуға мүмкіндік береді. Мәтіннің нақты қандай фрагменттерінде тиісті мән-мағынаның қамтылғанын анықтау үшін оған лингвистикалық талдау жүргізіледі.

Пайдаланылған дереккөздер:

1. Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі // Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 4 шілдедегі № 231-V ҚРЗ (2019 жылғы 1 сәуірден бастап өзгертілген және толықтырылған).
2. Сот-сараптама қызметі туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2017 жылғы 10 ақпандағы № 44-VI ҚРЗ. (2017 жылғы 18 сәуірде толықтырылған).
3. Теория и практика судебной экспертизы. В 4-х томах. Том 1. Бычкова С.Ф. Организация назначения и производства судебной экспертизы: Учебное пособие. – Алматы: «Жеті жарғы», 1999. 272 с.
4. Методика экспертного исследования по делам о возбуждении социальной, национальной, родовой, расовой, сословной или религиозной розни. – ЦСЭ МЮ РК, Нур-Султан, 2019
5. Экспертные исследования по делам о признании информационных материалов экстремистскими: теоретические основания и методическое руководство (научно-практическое издание)/С.А. Кузнецов, С.М. Оленников. – М.: Издательский дом В. Ема, 2014.
6. Осадчий М.А. Русский язык на грани права: Функционирование современного русского языка в условиях правовой регламентации речи. М.: Книжный дом «ЛИБРОКОМ», 2013.
7. Кукушкина О.В. Сафонова Ю. А., Секераж Т.Н. Теоретические и методические основы судебной психолого-лингвистической экспертизы текстов по делам, связанным с противодействием экстремизму. М., 2011.
8. Методика по производству психолого-филологической экспертизы (на предмет провоцирования этнической, расовой, религиозной и иной неприязни, позволяющей давать правовую оценку публичным высказываниям и материалам средств массовой информации). Астана, МЮ РК, ГУ «Центр судебной экспертизы», 2008.
9. Бринев К.И. Справочник по судебной лингвистической экспертизе. – М.: Книжный дом «ЛИБРОКОМ», 2013.
10. Баранов А.Н. Лингвистическая экспертиза текста: теория и практика: Учеб. пособие. М., 2007.
11. Всеволодова М.В. Теория функционально-коммуникативного синтаксиса. М., 2000.
12. Галяшина Е.И. Лингвистика vs экстремизма: В помощь судьям,

следователям, экспертам / Под ред. проф. М.В. Горбаневского. М., 2006.

13. Қылмыстық істер бойынша сот сараптамасы туралы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2004 жылғы 26 қарашадағы N 16 Нормативтік қаулысы (2017 жылғы 31 наурызда өзгертілген).

14. Террористік және экстремистік қылмыстар туралы заңнаманы қолдану бойынша сот практикасының кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2017 жылғы 8 желтоқсандағы № 11 нормативтік қаулысы.

15. Постановление Пленума Верховного Суда РФ от 28.06.2011 N 11 «О судебной практике по уголовным делам о преступлениях экстремистской направленности» // Бюллетень Верховного Суда РФ. 2011. N 8.

Пәндік көрсеткіш

Көрсеткіште алауыздықты қоздыру істері бойынша ақпараттық материалдардың филологиялық сараптамасында пайдаланылатын мейлінше елеулі негізгі ұғымдар ұсынылған.

А

Айыптау сөйлеу актісі

Алауыздықты жандандыру (әлеуметтік, таптық, ұлттық, рулық, нәсілдік және діни алауыздықты (араздықты) жандандыру)

Алауыздықты қоздыру механизмдері (араздық)

Араздықты қоздыру (әлеуметтік, таптық, ұлттық, рулық, нәсілдік және діни алауыздықты (араздықты) қоздыру)

Ә

Әлеуметтік топ

Б

Баға – кара. *Болмыстың тілдік интерпретациясының типтері.*

Болмыстың тілдік интерпретациясының типтері.

В

Верификация

Д

Даулы сөз (сөйлеу) мәтіні

Дерек – кара. *болмыстың тілдік интерпретациясының типтері.*

Е

Ерік білдіру

З

Заңгерлік лингвистика (юрислингвистика)

И

интенция – кара. *коммуникативтік ниет*

К

Кешенді сараптама

Комиссиялық сараптама
Коммуникативтік ниет
Конфликтоген

Қ

Қайталама сараптама
Қақтығысты мәтін
Қателер
Қатер
Қосымша сараптама

Л

Лингвистикалық (филологиялық) сараптама
Лингвистикалық сараптаманың мақсаттары – қара. *лингвистикалық сараптама*.
Лингвистикалық сараптаманың міндеттері – қара. *лингвист-сарапшының құзыреті*
Лингвистикалық сараптаманың нысаны
Лингвоқақтығыстану

М

Маман

Н

Насихат
Насихат және үгіт
Насихаттау
• адамның артықшылығын немесе толыққанды еместігін насихаттау
• нәсілдік немесе ұлттық қатыстылық белгілері бойынша адамның артықшылығын немесе толыққанды еместігін насихаттау
• дінге қатыстылық белгісі бойынша адамның айырықшалығын, артықшылығын немесе толыққанды еместігін насихаттау
• әлеуметтік қатыстылық белгісі бойынша адамның артықшылығын немесе толыққанды еместігін насихаттау

П

Пікір қара. *болмыстың тілдік интерпретациясының типтері*.

Р

Ру және рулық алауыздық

С

Сараптамалық зерттеу әдістемесі

Сараптамалық зерттеу әдісі

Сараптаманың тағайындалуы

Сарапшыға қойылатын сұрақтар

Сарапшы-лингвистке қойылатын сұрақтар

Кешенді сараптама жүргізуге лингвистермен қатар қатысатын басқа да мамандарға арналған (типтік) сұрақтар

Сарапшы-лингвистің құзыреті

Сарапшының қорытындысы

Сот сараптамасы

Сот сараптамасының пәні

Сот сарапшысы

Т

Тап

Тұжырым

Ұ

Ұлттық намыс

Ү

Үндеу

Ф

Филологиялық сараптама мақсаттары – қара. *лингвистикалық сараптама*

Э

Экстремистік материалдар

Басуға 04.10.2019 ж.

Форматы 60x84 $\frac{1}{16}$. Көлемі 9 баспа табак.

Тапсырыс 603. Тиражы 500 дана.

«Полиграфсервис» баспаханасында басылды
Алматы қаласы, 050050, Зеленая көшесі, 13-а.